



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!


Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№46 (583)
14 қараша,
2024 жыл



ҚАЙРАТЫНА МІНГЕН ҚАЗАҚ БОКСЫ

Қазақ елінің спорттағы беделі жоғары. Оның ішінде бокстың дәрежесін айтпасақта белгілі. Бірақ соңғы уақытта елдің боксшылары көп сынның астында қалғаны мәлім. Париж төріндегі Жазғы Олимпиаданың өзінде әрісі күміс медальмен ғана шектелуге тура келді. Осыдан соң оларға деген реніш одан әрі үдей түспесе, кеміген емес.

Бірақ жуырда Черногорияның Будва қаласында өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында жас спортшыларымыз қазақ боксының өлмегенін дәлелдеді.

Дүбірлі долада Қазақстан құрамасы жалпы есепте бірінші орынға көтеріліп, «қазақ боксының болашағы бұлғынғыр» дегендердің аузына қақпақ болғандай...

Хош. Енді біріншіліктің қорытындысын нақтылайық. Ел намысын қорғауға 25 жас боксшы да ерекше нәтижелер тіркеп, 6 алтын, 1 күміс және 10 қола медаль жеңіп алды. Бұл – ел тарихындағы үздік көрсеткіш.

5-бетте

Олжас БЕКТЕНОВ, ҚР Премьер-министрі:

БИЗНЕС — АУЫЛДЫҚ ЖЕРДІҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТАДЫ

Сыр өңірінде жыл көлемінде көптеген жұмыс атқарылып, бүгінде халық игерілген істердің игілігін көруде. Бірнеше бағдарлама бір уақытта жүзеге асып, алғашқылары жемісін беріп те үлгерді. Осы орайда халықтың сұранысына сәйкес жаңа әуежайдың құрылысы басталған еді. Ал апта басында «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалының тұсауы кесілді. Салтанатты ашылу іс-шарасына Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов қатысты. Одан бөлек, аймақтың бірнеше нысанына шолу жасап, қалада атқарылып жатқан әлеуметтік жұмыстармен танысты.



Бұл жоба өңірдің сауда-экономикалық, туристік мүмкіндіктерін арттырып, халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін көлік қызметінің қолайлы болуын қамтамасыз етеді. Жобаны орындауға Болат Өтемұратов қоры әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде 20,9 миллиард теңге қаражат бөлі. Ал жергілікті қазынадан әуежай аумағын абаттандыру мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға, автожол мен

жарықтандыру жұмыстарына 4,3 миллиард теңгенен астам қаражат бөлінді.

Жаңа терминалды іске қосу әуе айлағының өткізу мүмкіндігін 7 есеге арттырмақ, яғни жолаушылар саны жылына 300 мыңнан 2 миллионға дейін өспек. Ауданы 7 500 шаршы метрді құрайтын терминал телескопиялық баспалдақтар, қол жүгін тексерудің

автоматтандырылған жүйесі және басқа да дамыған технологиялармен қамтамасыз етілген. Жаңартылған «Қорқыт Ата» терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сай.

2-бетте

ӨТКЕННІҢ ӨЛМЕС ІЗДЕРІ

Шексіз толқынымен тыныштық сыйлап, тіршілікке нәр берген Сырдария өзенінің айналасында тарихы терең һәм табиғаты көркем өлкегер жайғасқан. Соның бірі – Сырдария ауданының орталығы Тереңөзек кенті. Осы бір шағын мекенде заманның сырын сақтаған «Еңбек даңқы» музейі бар екенін білесіз бе? Ал ондағы әр затта ғасырға теңесетін бір үзік сыр бар. Сол үшін өткен жұма күні «Еңбек даңқына» арнайы барып, түрлі жәдігерді көзбен көрдік.

Музейдің есігін ашқанда бізді сол жердің маманы Болат Маханбетов күтіп алып, орталықтың тыныс-тіршілігімен таныстырды. Бұған дейін мешіт ретінде қолданылған ғимарат тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында аудандық музей ретінде ашылған. Мәдени орын үш бөлімнен тұрады. Мәселен алғашқы бөлімде ауданнан шыққан қоғам қайраткерлерінің еңбектері мен өмір жолдары баяндалса, екіншісінде тәуелсіздік жылдарындағы ауданның жетістіктері көрініс тапқан. Ал үшінші бөлімде түрлі салада үздік қызмет еткен мамандар мен еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетілген.

3-бетте



БАСПАСӨЗ-2025

Республикалық «Ақмешіт жастары» газетіне 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу жүргізілуде. 6 айға жекелер, мекемелер үшін 2500 теңге

Көз тастаған келешек асқарына, Жазылыңыз «Ақмешіт жастарына»...



ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАП ЖҮРМІЗ БЕ?



Елімізде 2022 жылдың 2 наурызында «Жануарларға жауапкершілікпен қарау» туралы заң қабылданған болатын. Заңның негізіне келер болсақ, жануарларға қатігездік танытқандарға 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бұл биылғы көрсеткіш бойынша 18 460 теңгені құрайды. Ал заңды түлғалар үшін 10 АЕК.

Қылмыстық кодекстің 316-бабында жануарды мертітуге әкеп соқтырғаны үшін 120 АЕК-ке дейін (443 040 теңге) айыппұл салу, түзеу жұмыстары, 120 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 30 тәулікке дейінгі мерзімге қамау көзделеді. Егер қатыгездік нәтижесінде жануар өлім құша, онда мұндай әрекет 200 АЕК-ке дейін (738 400 теңге) айыппұл салуға, не түзеу жұмыстарына немесе 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен

айналысу құқығынан айырады. Тіпті 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынатын жаза қарастырылған.

Дегенмен заңға қарамастан жануарларға зәбір көрсетушілер саны азаймай тұр. Себебі жер бетіндегі әрбір тіршілік иесінің қасиеті мен киесі жайлы ұғым адамзат санасында әлі күнге дейін қалыптаспаған. Заңға бағынудың заманы артта қалған шақта Жаратқанның пенде баласының жүрегіне ұялатқан аяныш сезімі мен мейірімділік жайлы айтудың өзі артық секілді.

4-бетте

Басы 1-бетте

Олжас БЕКТЕНОВ, ҚР Премьер-министрі:

БИЗНЕС – АУЫЛДЫҚ ЖЕРДІҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТАДЫ

– Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында көлік-логистикалық секторды дамытуды стратегиялық басымдық деп атады. «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалы – өңір үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін маңызды инфрақұрылымдық жоба. Оны іске асыру қосымша әуе бағыттарды, оның ішінде халықаралық бағыттарды ашуға, транзиттік әлеуетті, жолаушылар мен жүк ағынын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл ішкі туризмнің, сауданың және тұтастай экономиканың дамуына оң әсер етеді. Үкімет бизнестің заманауи, сапалы көлік-логистикалық инфрақұрылымды салу жөніндегі әлеуметтік бағдарланған бастамаларын толық қолдайтын болады. Бұл біздің еліміздің болашағына қосылған үлес, – деді Премьер-министр Олжас Абайұлы.

Осы жылдың маусым айында Анталья қаласына халықаралық чартерлік рейс іске қосылса, Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов Ақтау және Атырау қалаларында қосымша рейстер ашу туралы жоспарды жеткізді. Сондай-ақ «Қызылорда–Көкшетау»,



«Қызылорда–Ақтөбе», «Қызылорда–Қарағанды» сияқты әуе бағыттарды әлеуметтік маңызы бар рейстер тізбесіне енгізу жоспары туралы баяндады.

Инфрақұрылымның игі істері пысықталды

Аймақта қолға алынған әлеуметтік инфрақұрылым нысандары бүгінде іске қосылып та үлгерді. Үкімет басшысы Президенттің жұмыспен қамту және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді.

Осы орайда ол Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған «Ауыл аманаты» бағдарламасы төңірегінде ауыл тұрғын-

дарының әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын жақсарту, АӨК дамыту арқылы экономиканы диверсификациялау, сондай-ақ тұрғындарға сапалы білім беру қызметтерін ұсыну үшін әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын жаңғырту жөніндегі тапсырмаларының өз деңгейінде атқарылуына шолу жасады.

Облыста аталған бағдарлама бойынша 575 бизнес жобаға іске кірісіп, жалпы саны 610-ды құрайтын жұмыс орны ашылды.

– Ауылды дамыту, нәтижелі жұмыспен қамтуды ынталандыру, сапалы әлеуметтік инфрақұрылым құру – Үкіметтің басым міндеттерінің бірі. Осы бағытта біз кәсіпкерлердің барлық бастамасын қолдаймыз. Егер Қазақстандағы әрбір ауылда осы жерде бизнес ашатындар тарапынан жауапты қолдауға ие болса, халықтың тұрмыс сапасы да анағұрлым

серпінді түрде жақсарады, – дейді Үкімет басшысы.

Қаланы аралау барысында Премьер-министрге «Kaz Fries» зауытында АӨК өнімдерін терең өңдеу саласындағы әлеуетті ашу шаралары таныстырылып, Сырдария ауданы Бесарық ауылындағы «Ауыл аманаты» бағдарламасының қаншалықты қарқын алғандығы көрсетілді. Сондай-ақ 200 жұмыс орны қарастырылған «Жан Арай» ЖШС агро-өнеркәсіп кешенінің өндірістік орындарын аралады.

Одан бөлек, Үкімет басшысы қаладағы жаңа білім беру нысандарына шолу жасады, ондағы балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру бағытында қолға алынған шаралармен танысты. Аймақта жеке қаражат есебіне салынған Оқушылар сарайы жақында жұмысын бастады. Құны 2,4 млрд теңгені құраған бұл жоба арқылы 350-ден астам оқушы гидропоника, робототехника, өнеркәсіптік дизайн, телестудия сынды озық технологиялармен жабдықталған нысанның игілігін көрмек.

Облыс көлемінде 20 мыңнан астам студент 28 колледж бойынша білім алуға, оның 5 мыңға жуығы жұмысын мамандықтары бойынша білімін жетілдіреді. Осы орайда Премьер-министрге Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде облысынта кәсіптік-техникалық білім беру және кадрлар даярлау жүйесін трансформациялау бойынша ақпарат берілді. Сондай-ақ Үкімет басшысы Олжас Бектеновтың төрағалығымен жылу маусымындағы өрт қауіпсіздігі, халықтың дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуі жайында мәселелер пысықталды.

Нұршат НЫШАНОВА



«Дарын» мен «Самғау» – жастарды қолдау

Бүгінгі жас – ертенгі болашақ. Олардың белсенділігі мен перспективті тұстарын арттыру маңызды. Себебі жаңашыл идеялар мен кретивке толы жас буынның болуы ел дамуының алғышарты. Осы тұста оларға берілетін мүмкіндік те, жол да көп әрі еңбектері де елеусіз қалмайды. Бұл сөзге жастарға арналған «Дарын» және «Самғау» секілді байқаулар дәлел бола алады.



«Дарын» жастар сыйлығын табыстау 1992 жылы дарынды жастарды қолдау мақсатында қолға алынды. Отыз жылға жуық уақыт аралығында аталған сыйлықты түрлі саладағы 340-тан астам азамат иеленді.

Конкурска 35 жасқа дейінгі, мәдениет, ғылым, медиа және спортта жетістіктері бар қазақстандықтар қатыса алады. Олар – халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі іс-шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ аталған салалар мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен үміткерлер. Байқау 10 номинация бойынша өтеді. Атап айтқанда, «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Креативті бастамалар», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы». Мәселен, креативті бастамаларға – ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы бағытында, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қайырымдылық, волонтерлік қызмет салаларындағы жастардың жетістіктері жатады.

«Дарын» жастар сыйлығына үміткерлерді мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер ұсынады. Жеңімпаздарға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі. Жүлделі жастар диплом, төсбелгілермен, сондай-ақ қаржылай сыйлықпен марапатталады. Жыл сайын сыйлықты табыстау Қазақстан Республикасының Туелсіздік күні қарсаңында өтеді.

Конкурска қатысуға арналған құжаттарды 2024 жылғы 17 қарашаға дейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті қабылдайды. Ал электрондық нұсқаны premiya.daryn@mki.gov.kz поштасына жолдау қажет. Сондай-ақ байланыс номерлері жұмыс істейді: 8(7172) 74-05-25, 8(7172) 74-18-43, 8 701 170 46 54.

Жастарды ынталандыруға арналған облыстық «Самғау» сыйлығына да құжаттар қабылдау мезгілі ашық деп жарияланды.

Сыйлық ретінде «Білім және ғылым», «Медиа және журналистика», «Спорт», «Жастар саясаты», «Мәдениет» бағытының жеңімпаздарына 150 000 теңгеден сыйақы беріледі. Биыл он төртінші рет ұйымдастырғалы тұрған байқаудың мақсаты – жастардың азаматтық және қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру, қала жастарының білім, ғылым, өнер, мәдени деңгейінің артуына және жастар саясатындағы өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыруға жағдай жасай отырып, талантты, білімді, саяси және қоғамдық өмірде белсенді жастарды көтермелеу және қолдау мақсатында, осы Ережемен бекітілген номинациялар бойынша беріледі.

Екі кезеңнен тұратын сайысқа қатысушылар 14-34 жас аралығындағы қала жастары бола алады. Олар өз саласында жоғары жетістіктерге жеткен, жоғары санаттағы мамандықтарды игерген болуы шарт. Сонымен қатар өз саласына және қоғамның жалпы дамуына қосқан үлесі мен инновациялық идеялары қосталады.

Еске сала кетейік, өткен жылы да бұл дәстүрлі байқау сәтті жалғасын тауып, үздік деп танылған 10 жасқа қала әкімінің атынан 100 мың теңге көлемінде қаржылай сыйлық пен «Самғау» жастар сыйлығының естелік статуеткасы табысталды.

Иә, жоғарыда атап өткеніміздей, жастарға берілетін мүмкіндік көп. Ал оны ұтымды қолдана білу әрбір жастың білімділігі мен шеберлігіне байланысты.

«АЖ» ақпарат

14 қараша – қант диабетіне қарсы күрес күні

Облыста қант диабетіне шалдыққан 16 211 адам бар. Инсулин гармонийның жетіспеушілігінен туындайтын бұл сырқат күрделі аурулардың бірі. Оның алдын алып немесе асқинуға жол бермеу – бүгінгі медицинаның алдына қойған мақсаттарының бірі.

Осы орайда халықты ақпараттандыру және сақтандыру үшін облыстық балалар эндокринологы, көпбейінді облыстық балалар ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Гүлнұр Усикбаева мен көпбейінді облыстық ауруханасының эндокринолог дәрігері Меруерт Бодықова өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында брифинг берді.

– Қант диабеті – бұл созылмалы патология. Онда метаболизмнің бұзылуы, ең алдымен көмірсулардың бұзылуы орын алады. Ол инсулин өндірісінің жетіспеушілігінен немесе тіндердің осы гармонды қабылдауына байланысты дамиды. Бұл, әсіресе, балалық шақта күрт басталып, тез нашарлайды. Балалардағы қант диабетінің ағымын диabetалды кезең және клиникалық кезең деп екіге бөлеміз. Алғашқысы – патологиялық процесстер басталған, бірақ айқын белгілері жоқ жағдай болса, ал клиникалық кезең жарқын белгілерімен сипатталады. Негізінен қант диабетімен ауыратын адамның көпшілігінде бастапқы уақытта ешқандай белгілер байқалмайды. Сондықтан медицина маманда-

ры қант диабеті белгілерінің жалпы көріністеріне мұқият болуға шақырады. Мәселен, айқын шөлдеу, зәр шығарудың жоғарылауы, жиі аштық сезімі мен көздің бұлыңғыр көруі, дене салмағының төмендеуі, тез шаршау мен әлсіздік және терінің қабынып, зақымдануынан кейін емдеудің қиын жүргізілуі аурудың белгілері болып отыр. Балалар арасындағы қант диабетінің алдын алу үшін дұрыс тамақтанып, салуатты өмір салтын ұстанып, ұйқы мен демалыс режимін дұрыстау маңызды, – деді облыстық балалар эндокринологы, көпбейінді облыстық балалар ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Гүлнұр Усикбаева.

Эпидемиологиялық зерттеулердің деректері бойынша жыл сайынғы өсім науқастардың жалпы санының 5,9 пайызын құрайды. Бұл жөнінде көпбейінді облыстық ауруханасының эндокринолог дәрігері Меруерт Бодықова айтты.

– Бұл ретте әрбір 15 жыл сайын қант диабетімен ауыратын науқастар саны екі есе артады. Қант диабетінің ең басты себептерінің бірі – тамақтану



салтының өзгеруі, атап айтқанда қантқа тез айналатын көміртегі бар тағамдарды шектен тыс пайдалану. Қызылорда облысы бойынша мәліметке сәйкес, бүгінгі таңда 16 211 адам есепте тұрады. Оның ішіндегі ер адамдар саны – 7 021 болса, әйелдердің саны 9 882-ні құрайды, – деді маман.

Қант диабетімен күрес жолында диета ұстау маңызды және бұл емдеудің қарапайым жолдарының бірі. Яғни диетотерапиямен ауруды 3 жылға дейін асқындырмай ұстауға болады.

Бірінші типтік қан диабетінің алдын алу көбіне мүмкін емес. Алайда кейбір әрекеттер оның асқинуынан, сондай-ақ дамуынан қорғауы мүмкін. Ол үшін дұрыс тамақтану, тамақтың құрамына жіті мән беру керек және суықти мен инфекциялық аурулардан сақтану маңызды. Алкоголь тұтынуға және шылым шегуден бас тарту керек.

Екінші типті қан диабетімен сырқаттанған адам

жарты жыл сайын өзінің глюкоза мөлшерін тексеріп, ем шараларын уақытылы жүргізіп тиіс. Бұл да аурудың күшею процесін тежейді.

Асқынуды жағдайларына тоқтала кетсек. Көрудің нашарлауы, жүрек-қан тамырлар жүйесінің зақымдалуы, бүйрек жұмысының бұзылуы – бұл сырқаттың белең алғанынан хабарлар етеді. Сондай-ақ бұл тізімге семіздікті де жатқызуға болады. Себебі қант диабеті кезінде «аштық сезімі» көп орын алады.

«Аурудың емін іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, қант диабетінен сақтану үшін күніне 30 минуттан кем емес уақытыңызды физикалық қозғалысқа жұмсаңыз. Сондай-ақ жан мен тәнің тыныштығын сақтап, күйзеліске түспеуге тырысыңыз. Уақытылы тексерістен өтіп, денсаулығыңызға бейжай қарамаңыз, құрметті оқырман!

«АЖ» ақпарат



Басы 1-бетте

ӨТКЕННІҢ ӨЛМЕС ІЗДЕРІ

Жолбарыстан сақтанудың тапқыр амалы

Әлқиссада айтқандай музейге қойылған әрбір жәдігердің өзіндік айтары бар. Орталықтың маманы көрсеткен туындыларға қарап тарих беттерін парактағандай күй кештік. Дегенмен ерекше қызығушылығымызды оятқан – «Доңыз қауак» болды. Бұл атау сізге де тосын естілгені анық. Ендеше көрген, білгенімізді тарқатайық...

Ертеректе Сыр елі камысты өлке болған деседі. Ал биіктігі 4-5 метр, жуандығы 20-25мм болатын камыстың арасында жолбарыс мекендеген. Уикипедиялық деректер, термелер мен көз көрген қариялар да мұны жоққа шығармайды. Бұл ретте «Жолбарыс пен жайын» термесіндегі «Дарияға жақын маңда өткен ерте заманда, Сыр бойында мекендепті бір айбарлы, жуан мойын жолбарыс» деген қатар еске түседі. Азулы, текті де тәкаппар жаратылыстың бірі, бойында куат пен шапшаңдық үйлескен жолбарыс сол заманда төрт түлікке, халыққа да қатер төндірген. Ал аннан сақтану үшін «Доңыз қауак» құралы қолданылған екен. Міне, дәл осы құралмен біз де таныстық.



– «Доңыз қауак» – бүгінде ұмыт қалған көне жәдігер. Елді-мекендерді жолбарыс өріп жүрген заманда жергілікті халық олардың шабуылынан сақтанудың түрлі амалын ойлап тапқан. Әсіресе алыс сапарға шыққанда

«Доңыз қауакты» қолданған. Бұл құрал камыс арасындағы жолбарысты үркітетін ерекше дыбыс шығарады. Алайда ашаршылық пен соғыс жылдарында қолданыстан шығып, ұмыт болды. Сол себепті жастар мұндай құралдың бар екенінен бейхабар. Пішіні жағынан барабанға ұқсайтын бұл жәдігерді ата-бабаларымыздың табиғатпен күресу жолында тапқырлық танытқанын дәлелдейтін тарихи мұра деп атауға да болады, – деді Сырдария аудандық музейінің маманы Болат Маханбетов.

Әңгіме барысында экскурсовод ақсақал Алтынбай Кеңбаев туралы айтып берді. «Доңыз қауакты» ақсақалдың айтуымен теренөзектік ағаш шебері Жәнібек Маханбет жасаған. Ал Алтынбай атаға әжесі айтқан екен. Бұл оқиға туралы Жәнібек Асанұлының өз аузынан естідік. Сонымен қатар жуырда жарық көретін «Аңыз негізі – ақиқат» атты кітабында да жазған.

«Осы құралды сөзімізге дәлел ретінде суреті, оның орындалуын толық айта отырып, оны жасап, қолданып көрген ауыл ақсақалы Алтынбай Кеңбаев былай деген еді:

«Кезінде әке-шешем бақша егетін. Мен жас болдым. Егілген бақшаны шаруашылықтың сиырлары топ-топ болып бүлдіріп кете берді. Амал таусылғанда осы жайттан хабардар әжем маған: «Шырағым, ана қауактың екі басын кесіп, ішін тазартып, үлкен бетіне шикі ешкі терісін жап, одан жылқы құйрығынан қалыңдығы елідей қылды өткізіп шетін түйінде. Қауактан бір жіп алып оны ердің алдыңғы қасына байлап ал. Сосын шүберекті ылғалдап алып қылдың бойымен кайта-қайта қысқылай тартсаң, қорқынышты дыбыс шығарады» деген еді. Әжемнің айтқаны бойынша дайындадым. Ол кезде шаруашылықтың ферма меңгерушісі Бегілік Өкшебаев еді. «Малыңа ие болсай» дегенге құлақ аспады. Бақшаға шаруашылықтың сиырлары түсе бергенде атқа мініп алып, құралды қолданған кезде, сиыр біткен шошынғаннан алдыма түсіп, безіп бара жатты. Тіпті сиырларды бүгінгі С.Сейфуллин ауылына дейін үркітіп, апарып тастаған едім» деген еді.

Алтынбай ақсақал осы құралды жұрт бұрын неге пайдаланғанын әжемнен сұрағанымда, ол кісі «кезінде адамдар жоғалған малды іздеп шыққанда қалың камыс арасында осы құралды пайдаланғанда жолбарыстардың да үркіп адамға жоламай қашатын» деп әңгімелеп бергенін айтып еді» деп жазған Жәнібек Маханбет.

Әжесінен естіген ақсақал Жәнібек Асанұлына айтып, түсіндірген. Кейін арада жылдар өткенде колонер шебері Жәнібек Маханбет 2004 жылы түпнұсқа «Доңыз қауакты» жасайды. Ал музей қабырғасындағы нұсқасы 2021 жылы әзірленген. Қазір Қазақстанда бұл құралдың тек 3 данасы бар. Шебердің айтуынша, біреуі «Еңбек даңқы» музейінде сақталса, екі данасы Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында. Жәдігердің театр ғимаратына баруының да тарихи бар екен.

– Колонер жұмыстарына арналған көрменің бірінде режиссер Хүсейін Әмір-Темір «доңыз қауакты» көрген еді. Кейін хабарласып Қазан қаласында өтетін фестивальге баратындарын айтты. Сол іс-шараға арнайы «доңыз қауак» жасап беруімді сұрады. Оған қажетті материалдарды табу оңай болған жоқ. Бірақ ол кісі барлық керек затты өзі тауып, құралды жасапты. Фестиваль барысында «доңыз қауакты» көрсетіп, оны тартқанда халық танданысын жасыра алмапты. Бұл көне құралдың ерекшелігі соншалық, көрермендер ризашылықпен таңырқап қараған екен.

Қазір «доңыз қауакқа» қызығушылық артып келеді. Музейге келген америкалық туристер де бұл көне жәдігерді көріп, суретке түсіріп, танданыстарын білдіруде, – деді Жәнібек Маханбет. Айта кету керек, биыл Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің этнограф ғалымдары мен Түркиядағы археологтардың көмегімен бұл жәдігерге патент алынды.

«Доңыз қауак» қалай жасалады?

Бір қарағанда салмағы ауыр көрінген құрал шын мәнінде жеңіл екен. Ал оның жасалу жолы бәрімізге қызық болды. Доңыз қауактың жасалуына шамамен 5-6 ай уақыт кетеді. Себебі оның технологиясы күрделі. «Доңыз қауакты» жасау үшін бақшада өсетін қауак қолданылады. Қауактың өзі өте жеңіл, әрі сынбайтын және бүлінбейтін қасиетке ие. Бұл оны ұзақ уақыт пайдалануға мүмкіндік береді. Оны сабағымен бірге жұлып, көлеңке немесе қараңғы бөлмеде кептіреді. Кейін оның төменгі бөлігін кесіп, ішіндегі қабықтар мен дәндерді мұқият тазалайды. Келесі процеске тері қажет. Яғни қауактың үлкен бетіне түйенің өңделген көң терісі жабылады. Егер тері дұрыс иленбесе, ол кейін қиылып, тез жарамсыз болып қалады. Оның айналасына арнайы тесіктер жасалып, сол арқылы жіптер өткізіледі. Терінің бірқелкі тартылуы үшін жіпті айкастырып байлайды екен.

Құралдың негізгі бөлігі – жылқының құйрық қылы. Қылды теріден өткізіп, шеңбердің ортасына орналастырады. Қауактың ортаңғы бөлігіне былғарыдан жасалған белдік бекітіледі. Бұл белдіктің бір шеті аяққа байлауға арналған үзеңгі тәрізді етіп жасалады. Бұрында ата-бабаларымыз дауыс шығару үшін ылғал шүберекпен жылқы қылын кезек-кезек тартқан. Сол кезде қауактан жолбарыстың ақырған дауысына ұқсас дыбыс шығады. Ал қазір канифоль қолданылады.

– «Доңыз қауактан» шығатын дыбыс жолбарыстың үніне ұқсайды. Жолбарыс аңға шыққанда алдымен ақырып, дауысы арқылы жемтігін қорқытады. Дауыстан үркіген жануарлар абдырап, қайда қашарын білмейді. Ал осы сәтті пайдаланған жыртқыш білдірмей жақындап жемтігін аулайды. Қатты дыбыс шыққан кезде адамдар мен жануарлардың табиғи инстинктері іске қосылып, қорқыныш процесі жүреді. Бұл құралдың мақсаты да сол – қауіп төндіретіндерді үркітіп, қауіпсіздікті камтамасыз ету, – деп түсіндірді музей маманы.

Тарихи жәдігердің күші

– Біз доңыз қауактың әсерін тексеріп көрмек болдық. Көршінің үйінде байлаулы тұрған неміс овчаркасы бар еді. Ол ит адамды жақын жолатпайтын, ал дауысының өзі бізді үркітіп жіберетін. Сол үйдің жанына барып «доңыз қауакты» тартқанымызда, ит жерді қазып астына кіріп кетті. Екі күн бойы сыртқа шықпай қойды. Кейін өрістен келе жатқан сиыр-

ларға да қолдандық. Олар бытырап қашты. Үйдегі мысық та үй маңына жақындамай қойды. Жолбарыстың аюдың өзін жеп қоятын жыртқыш екенін ескерсек, бұл құралдың үрей тудыруы заңды. Алтынбай ата қабанды да үркітуге жарайтынын айтқан еді, – дейді Болат Маханбетов.

Абай қолданған жиһаз

2001 жылы Сырдың киелі топырағы тағы бір ғажап мұраға байыған еді. Ол – қазақтың ақыны, ойшылы, рухани ұстазы Абай Құнанбайұлы тұтынған шкаф. Бағымызға қарай бұл жәдігермен де таныстық. Аталған қазынаның Сыр өңіріне қалай жеткені бізге де қызық болып, сауалымыз сәт сайын арта түсті.



Көне жәдігер Асқар Токмағанбетов ауылының тұрғыны Ахметбек Искендіровтың шаңырағында сақталған. Жәнібек Маханбеттің айтуынша, ол екі мыңыншы жылдары музейде ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеген. Музейдің негізін қалаған Сейтмұрат Ембергенов зейнетке шыққан кезінде ғылыми маманға «Сенің ауылыңда Абайдың қолданған шкафы бар деп естідім. Зерттеп көрші!» деген екен.

– Арада бірнеше жыл өтті. Кейін бұл шкаф Ахметбек Искендіровтың үйінен табылды. Ол Искендіровтер шаңырағындағы кастерлі заттың бірі. Әрдайым үйінің төрінде тұратын. Мұндай құнды жәдігерді музей қорына орналастырып, А.Искендіровке дәл сондай кеңестік замандағы тартпаны тарту еттік.

Тарихына келсек, Құнанбай Мұхтар Әуезовтың аталарын Түркістаннан Арқаға қонаққа шақырады. Осы кездесудің арқасында қожа жігіті Дәрібай Құнанбай әулетінің жиені Тұрғанбикемен сөз байласады. Бірақ жігіттің тұрмыстық жағдайы нашар деп ағалары қызды беруге қарсы болған. Осылай жас жұп шаңырақ көтеріп, Сыр еліне келіп қоныстанған. Дәрібай мен Тұрғанбике қыздарының бірінің есімін Абайдың әжесіне ұқсатып Зере қойған. Міне, осы Зере әжей Ахметбек Искендіровтың нағашы әжесі, – деді ол.

Балалары ержеткенде, шамамен Абайдың қайтыс болғанына 1-2 жыл өткен соң Тұрғанбике туыстарына сапарлап қайтады. Сол кезде жиенінен тараған балалардың біліміне тәнті болған туыстары Абай қолданған шкафты сый ретінде берген екен. Кейін бұл жәдігер Зеренің жасауына қосылған.

Ел ішіндегі қиын жағдайларға байланысты Зере Тәжікстанға қоныс аударады. Бірақ үлкен дүниелерді алып кетуге мүмкіндігі болмай, шкафты найман руының азаматтарына аманаттаған. Ал 1942 жылы Зеренің қызы Әсия елген оралып, шкафты қайтып алған екен.

Тарих – ұлттың ұлы мұрасы. Біз көрген басқа да жәдігерлер қазақ халқының тұрмыстық өмірін ғана емес, тарихи жады мен мәдени байлығын да айшықтайды. Осындай мұраларды сақтап, ұрпаққа жеткізу – аманат. Себебі өткеннің ізі өшпеу керек.

Инжу МАРЖАН



ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАП ЖҮРМІЗ БЕ?

Жануарлар құқығын қорғау ұйымдарының мәліметтері бойынша, жыл сайын 70 миллиардтан астам мал азық-түлік мақсатында сойылады. Ал бұл салада жануарларға ауыртпалық келтіретін әдістер жиі қолданылады екен. Ықылым заманнан етті азық етіп келе жатқан қазақ үшін бұл таң қаларлық дүние емес. Ал вегетариан мемлекеттер қатарында Индия көш бастап тұр. Екінші орынға Италия мемлекеті жайғасса, үздік үштікті Тайланд қорытындылайды. Аталған елдің барлығында дерлік вегетариан асханасы жоғары дамыған. Біздің көзқарасымыз бойынша оларды шөп-шаламмен ғана тамақтанады деу қате ұғым. Сүт өнімдері мен түрлі жеміс-жидектер, көкөністерден дайындалған тағам түрлері адам денсаулығы үшін қаншалықты пайдалы немесе ұзақ өмір сүрудің кепілі бола алатыны бес саусақтай белгілі.

ЗЕРТХАНАДА ЖАПА ШЕККЕН ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАНУАРЛАР

Жануарларға жасалатын қастандықтарды нақты пайыздық мөлшермен анықтау өте қиын. Себебі әлем бойынша бұл көрсеткіштер әртүрлі және нақты мәліметтер жинау мүмкін емес. Дегенмен жануарларға жасалатын қастандық пен қатыгездіктерге қатысты зерттеулер мен статистикалар жануарлардың белгілі бір топтары үшін ғана ақпарат береді.

Жыл сайын шамамен 115 миллион жануар зертханаларда тәжірибе жасау мақсатында пайдаланылады. Олардың өміріне қауіп төндіретін немесе өлімге алып баратын тәжірибелер қатары жыл сайын артып келеді. Мәселен әлем тұтынатын түрлі косметикалық өнімдерді сынақтан өткізу барысында жануардың бір емес бірнеше түрі жапа шегеді. Сондай-ақ өнім көзге түскен жағдайда қандай реакция беретінін анықтау үшін қояндарды пайдаланады. Қоянның көзі жасаурамайтыны себебінен тамызған зат ұзақ мерзімге сақталады. Тіпті оны аяқтарымен сүртіп тастамауы үшін мойнына пластиктен жасалған кедергі кигізіледі. Бұл зерханалық сынақтың

ұзақтығы 14 күнге дейін жалғасады. Яғни сіз пайдаланып жүрген косметикалық өнім үшін қоянның екі апта бойы қандай күйде жәбірленетінін елестете беріңіз... Ал терідегі жараға әсерін тексеру үшін ит, мысық, қоян, тіпті теңіз шошқасы аталатын үй тышқанын да пайдаланады. Олардың терісінің белгілі бір аумағындағы түкті қырып тастап, терісін қолдан жаракаттайды. Әрі қарай сынама жасалатын өнімді жараға жағып, нәтижесін күтеді. Сондай-ақ өнімнің өкпеге әсерін байқау үшін де итті немесе мысықты әйнекпен қапталған қорапқа қамап, өнімнің улы түтінін не буын қорапқа жіберіп бақылайды. Жүрегіңіз шыдай ма? Ал ішек жолдарына түскен өнімді сынау әрекеті жайлы айтпай-ақ түсінікті шығар...



ЖАНУАРЛАРҒА ЖАСАЛҒАН ЖАУЫЗДЫҚ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

АҚШ-тың статистикасына сәйкес, жануарларға қатысты қатыгездіктің 70%-дан астамы иттерге, 20%-ы мысықтарға жасалады екен. Ал біздің елде есесіздікті есепке алып жатқан кім бар?

Осыдан төрт жыл бұрын желіде тараған бейнеролик елдің есінде болар. Онда Атыраулық ер адам үй ауласындағы істен шыққан мұздатқыш есігіне иттің басын қысып, онымен қоймай үстіне бар салмағымен шығып жәбір көрсеткен. Пікірде жауған жұрттың қарғысы далаға кетпеді. Заң өкілдерінің назарына іліккен ол соңында өз жазасын өтеп тынды. Бұл ақпарат шетелдік желі қолданушылардың да назарына тудырды. Нәтижесінде қорлық көрген үй жануары шетелдік азаматтың қамқорлығына өтіп, шекара асып кетті.

2020 жылы французиялық актриса Брижит Бардо ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа хат жазды. Хатта «Еліміздегі қараусыз қалған жануарлардың жайын біліп шошынып, олардың тағдырына алаңдап әрі ұайымдап хат жолдап отырмын» делінген. Сондай-ақ хатпен бірге елдегі ит аулаушылар өлтірген иттердің суреттері қоса салынған. Әлем таныған әртіс әрі жануарларды қорғаушы Атырау мен Орал қалаларында иттердің аяқтарын газбен жансыздандырып, тірідей өртегендерді айтып,

ренішін білдірген. Әлем елдерінде бұлай жасағандарды «есінен ауысқан» немесе «психологиялық ауытқуы бар» деп танып, арнайы емдеу мекемесіне жатқызылады. Мемлекет басшысы бұл үндеуге назар аударып, арнайы мәлімдеме жасады. Ізінше Брижит Бардо өкілдері Қазақстанға келіп, елдегі жануарларды қорғаушылармен және шенеуніктермен кездесті.

– Біз мұнда үкіметтегілерге жануарларға жанашырлық танытудың қазіргі заманғы әдістері туралы айтуға келдік. Дүниежүзінде жануарларды өлтірмейді. Оларды зарарсыздандыратын екеп салып, құжат толтырып, есепке алғаннан кейін еркіне жібереді. Жануарлар адамға шабады дегенге айтарым, олар қорыққанда солай істейді. Егер ешқандай қауіп сезбесе, кісіге беталды шаппайды. Оған жан-жануарға гуманды әдістердің көптеген түрін қолданатын Түркияны, Кабулды және өзге де елдерді мысалға келтіруге болады, – деген еді Брижит қорының өкілі Олуа.

Желіде жан түршіктіретін түрлі жайттарға куә болып келеміз. Мәселен 2020 жылы алматылық қос жасөспірім күшікті қапқа салып тірілей өртесе, қарағандылық ер адам марғауды баспалдақ жақтауына өлгенше ұрғылағанына шылдаммен қарау мүмкін емес. Ал 2022 жылы Маңғыстау аласында бейнебақылауға түсіп қалған көрініс көптің назарына туғызды. Жүргіншілер жолының шетінде отырған мысықтың үстіне қос аяқтап секірген еңгезердей еркекті еріксіз қарғағандар көп. Адамдыққа жат істі жасап жатқанда аяқ адым алшақта отырған бір топ жанның қарсылық танытып қой демегені, әлгі қатыгездер жайына кеткен соң төрт аяғы тарбандап қиналып жатқан жануарға қол қусырып қарап отырғаны тіпті жаға ұстатты. Мұндай қатгездер үй жануарына ғана емес, жабайы аңдарға да зәбір көрсетуден тайынбайды. Дәл осы Маңғыстау облысының азаматтары қасқырды көлікпен қуалап жүріп, басып өлтіргені желіде желдей тарады. Ізінше шала-жансар күйдегі жануарды жабылып тоқпайды кеп. Өз істерін мақтана бейнетаспаға түсірген олар кейін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Каспий жағалауында жағаға шыққан итбалықты тасып, таяқпен ұрғылағандар да жадымыздан ұмытылған жоқ.

Бұл біз куә болған бірер ғана оқиға. Көзбен көрмеген, құлақпен естімеген қаншама қатгездіктің орын алып жатқаны Жаратқанға ғана мәлім...



КИІКТІҢ КИЕСІ

Әлемде түрлі жануарларға аңшылық пен браконьерлік арқылы қастандық жасалады. Мысалы, жыл сайын пілдердің 8-10%-ы сүйегіне бола заңсыз түрде ауланады. Бұл сирек кездесетін жануардың жойылу қаупін арттырып отыр. Қазақстанда да ақбөкеннің мүйізі үшін қынадай қырып салғандарға күні кешеге дейін куә болдық. 1990 жылдан бастап елімізде киік аулауға заңды түрде тыйым салынған. Ал 2005 жылы сирек кездесетін хәм құрып кету алдында тұрған жануарларды қорғау және киіктерді сақтау жөнінде алғашқы бағдарлама жасалды. Осынау шаралар нәтижесінде саны артып келе жатқан тұяқты жануарларды 2015 жылдан бастап заңсыз аулау көбейді. Осы жылы киіктерді атуға мораторий жарияланып, 2019 жылға дейін ақбөкен саны қайта қалпына келе бастады. Сондай-ақ енгізілген мораторийді 2023 жылға дейін ұзарту жайлы шешім қабылданды. Киелі жануардың саны артқаны сонша, әлемдегі киіктің 90 пайызы Қазақстанды мекендейді деген ақпарат тарай бастады.

Дегенмен тұяқты жануардың саны көбеюмен қатар, олардың елге әкелетін экономикалық шығыны да артқан. Әсіресе 2021 жылы төтенше жағдай жарияланған шақта шаруалар тысқа шыға алмай қалған еді. Осы кезеңде малға

арналған жайылым жерлер мен халықтың күн көрісіне айналған егін аймақтарын отап кеткен оқиғаларға куә болдық. Еңбегі еш болған шаруалар шығынға батқанын алға тартып, киіктерді атуға рұқсат сұрай бастады. Министрлік тарапынан шешім қабылданып, белгіленген мерзім аралығында киікті екі түрлі әдіспен аулауға рұқсат етілді. Бірі торға қамап ұстап, қолға түскен киікті сойып, егін комбинатқа, мүйізін мемлекет меншігіне өткізеді. Екінші жолы оларды түнгі уақытта ату бекітілген. Эколог мамандардың мәліметінше, ақбөкен санының күрт артуына жыл сайын қасқыр аулау маусымының дәстүрге айналғаны себеп болған. Жыртқыш жануардың азайғаны эжожүйені бұзып, табиғи тұрғыда өзін-өзі реттеуге мүмкіндік бермеген. Бүгінде елімізде киіктерді аулауға рұқсат жоқ. Дегенмен алдағы жылдары оның санын заңмен реттейді деген үміт бар.



ІШК ЖАЙЫ ІШТІ КҮЙДІРЕДІ

Әлемде жылына шамамен 100 миллион жануар тері мен жүн өнеркәсібінде пайдаланылады екен. Иә, қыстық сырткіім ретінде аң терісінен жасалған құнды ішіктерге қызығушылар қатары азаймай тұр. Олар иығындағы осынау дүниенің дайындалу барысынан мүлдем хабарсыз ба дерсің... Әлемге әйгілі «Gucci» бренді 2018 жылдан бастап аң терісін пайдаланудан толықтай бас тартты. Сондай-ақ компания қорындағы пайдаланылмаған аң терісін аукционға қойып, түскен қаражатты жануарларды қорғау ұйымына аударған. Бәрекедді! Осы тәуекелінен кейін аталмыш бренді тұтынушылардың қатары артпаса, кемімеген болар.

Бірі білсе, бірі білмейтін жан түршіктіретін мәліметтерге шолу жасайық. Бір ғана түлкі ішігін дайындау үшін 18 түлкінің өмірін қияды. Сәйкесінше бір жанат ішігін дайындау үшін 27 жанатты құрбан етеді. Ал бір ғана күзен ішігі үшін 55 күзеннің терісін пайдаланады екен. Шиншилла аталатын тышқан тұқымдасының 170-інің өмірін қиып, бір ғана ішікті әзірлейтін билесіз бе? Ең сорақысы, тиін терісінен жасалатын ішіктер де бар көрінеді. Жұдырықтай жануардан жасалатын киім үшін 250 тиін құрбан болады екен. Иә, мұнда жануарды иығына ілу үшін қандай жүрек керек десенші...

Дегенмен теріден жасалған сырт киімге сұраныс азаймай отыр. Сәйкесінше ұсынушы тарап та ұшан-теңіз пайда әкелетін кәсіптен қол үзбейтіні мәлім. Бұл жауыздық адамзат жаппай аң терісінен жасалатын өнімнен бас тартқанда ғана тоқтайтыны анық. Жер бетіндегі қандай да бір өзгеріс өзімізден басталатынын ескерсек қайтеді?

Жуырда ғана көршілес мемлекет Өзбекстаннан жеткен ақпарат еріксіз назарымызды аударды. Онда «2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Өзбекстанда жабайы жануарларды цирк қойылымдарында пайдалануға тыйым салатын заң күшіне енеді» деп мәлімдеген. Сондай-ақ жеке тұлғаларға тұтқында ұстауға тыйым салынатын жануарлардың тізімі бекітілді. Көршінің бұл бастамасы қос қолдап тұрып қолдайтын мәселе. Елімізде Шымкент қалалық циркі 2021 жылы қаснада жануарлармен өнер көрсетуден бас тартты.



Дегенмен елдегі жануарларды қорғау мен олардың құқығын сақтау мәселесі ақсап тұрғаны алаңдатады. Әр өңірден бас көтерген еріктілер қозғалысын санамағанда, бұл іспен тұрақты айналысатын ұйым жоққа тән. Себебі жануарларды қорғау, жауапкершілікпен қарау жөнінде заң қабылдана да нақты қолға алған жандар үшін мемлекет тарапынан өз деңгейінде қолдау көрсетілмейді.

ЭКОСОФИЯ: МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАЖЕТТІ ПӘН

Экософия (экология және философия сөздерінен құралған) — адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүру жолдарына бағытталған философиялық ұғым. 1970 жылдары норвегиялық философ Арне Нэссін зерттеулері нәтижесінде кенінен танылған «Экософия» ғылыми адамның табиғатпен қарым-қатынасын, қоршаған ортаны қорғау мен оның тұрақтылығын сақтау қажеттілігін түсіндіреді. Оның басты мақсаты — табиғат пен адамның өзара тепе-теңдігін қалыптастыру. Экософия адамның табиғатқа тек тұтынушылық көзқараспен қарамауын, өзін оның ажырамас бөлігі ретінде сезінуді дәріптейді.

Жануарлардың киесі туралы қиссалар қазақ халқында ежелден бар және сол арқылы аңға құрметпен қарауға, табиғатты қорғауға тәрбиеленген. Халық арасында жануарларға қиянат жасау киелі нәрсеге зиянды тиігізгенмен тең санаған және мұндай әрекетке барған адам түрлі қиындықтарға душар болады деп сенген. Мұндай қиссалар мен аңыздар қазақ фольклорында көптеп кездеседі.

Белгілі шығыстанушы Санжар Керімбайдың «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының баспасынан шыққан «Ecosophy» атты еңбегі жер бетіндегі жәндіктен бастап аң мен құстың жаратылысы жайлы аңыз-әпсаналарды хәм әрбір киесі хақында қиссаларды баяндайды. Кітаптың алғашқы бетінде ақбөкеннің киесі жайлы ой қозғайды. Пайғамбар оның маңдайынан сипағанда мүйізіне мың бір дертке ем болатын қасиет қонып, алақаны беліне тигенде жануар буаз шағында елігінің жынысын қалауына сай өзгерте алатын қасиетке ие болғаны жайлы әңгімелейді. Яғни аталған кітаптың мазмұны дәл осы сарында жалғасады.

Дін философиялық ұғым мен салт-дәстүрді байланыстыра отырып өрілген аңыз, қиссалар адамзат баласы үшін керек-ақ. Тіпті мектеп бағдарламасына пән ретінде қосуға лайық дер едік. Себебі жер бетіндегі әрбір тіршілік иесінің өзіндік қасиеті мен киесі жайлы ұғымды санасына сіңіріп өскен ұрпақ қоғамның жағасын ұстататын жауыздықтарға бармайтынына кәміл сенеміз.

ҚАЙРАТЫНА МІНГЕН ҚАЗАҚ БОКСЫ



Жалпы бұған дейін жоғарғы көрсеткішіміз тек 2 алтынмен шек -

жүлдегер атанған болатын.

Ел назарын аударған байрақты бәсекеде ұлттық құраманың капитаны Төрехан Сабырхан алғашқы алтынды қоржынға салды. Финалда кубалық боксшыны қапы қалдырған ол өзінен кейінгі боксшыларға жеңістің жолын ашып берді.

Төрехан үшін бұл кездесу осы жарыстағы ең қиын жекпе-жек болды деуге болады. Өйткені кубалық Дэвид Эспиноса бірінші раунд басталғаннан-ақ шабуыл мен қарымта шабуылмен үдетіп, қазақ боксшысын біраз тығырыққа тіреді. Десе де Төрехан ерекше стилінің арқасында қорғаныста да, шабуылда да сауатты әрекет етіп, үш раунд бойы басымдықты ұыстан шығарған жоқ. Нәтижесінде, 4-1 есебімен кубалық боксшыдан басым түсті. Осылайша, асқан шеберлігінің арқасында әлем чемпионатының ең үздік боксшысы атанды.

Турнир барысында ол осы әлем чемпионатының финалына дейін Черногория, Ауғанстан, Өзбекстан және Қытай боксшыларын оңай жеңген болатын.

Айта кететін жайт, Төрехан Сабырхан бокстан жасөспірімдер мен жастар арасындағы тарихтағы тұңғыш төрт дүркін Азия чемпионы. Одан бөлек украиналық боксшы Василий Ломаченкоға ұқсас жекпе-жек стилі үшін «қазақтың Ломаченкосы» атанып кеткен Махмұд Сабырханның інісі.

—Бұл жігіттерді қыркүйек айында қабылдап алдым. Екі айдың келемінде толық дайындықтан өтті. Боксшыларымыз бар күш-жігерін салды. Мен үшін ең жауапты сәт спортшыларымыздың нәтижесі болды. Сонымен қатар әлем чемпионаты бір жағынан сынақ болса, екінші жағынан болашақ чемпиондардың

дайындығын білуде ерекше маңызды. Жарыс ойымыздан шығып, Алланың қалауымен жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Осы уақытқа дейін жаттықтырған Қайрат Сатжанов ағаның дайындығын да атап өткім келеді. Қазір жігіттердің физикалық жағдайының жақсы болуында бас бапкерлердің үлесі бар, — деді аға бапкер Мақсат Бақтыбазаров.

Осыдан 10 жыл бұрын қазақ еліндегі боксшы қыздар десек, санаулысының ғана аты есімізге түсетін. Бірақ кейінгі уақытта бірінен бірі өткен былғары қолпап шеберлері қаптай бастады. Кешегі өткен Париж Олимпиадасында жүлдегерлер қатарында қыздардың болуы да үлкен мақтанш.

Осы біріншілікте Елянур Тұрғанова мен Аружан Зейноллаева өз салмақ дәрежесінде қарсыларының айқын басымдықпен жеңіп, алтын медальға ие болған арулар. Бұл жеңіс олардың Қазақстанда ғана емес, әлемдік аренада да мықты спортшылар қатарында екенін дәлелдеді. Елянур мен Аружан күрделі жекпе-жектерде қарсыларының шабуылдарына табанды төтеп беріп, шебер тактикалық ойыны мен күшті физикалық дайындығы арқасында жеңіс тұғырынан көрінді.

— Әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көріну — мен үшін мәртебе және үлкен жауапкершілік. Жалпы жарыс өте тартысты әрі қызықты өтті. Бұл жеңіс тек менің емес, мені қолдаған жаттықтырушыларымың, отбасымың және барша Қазақстанның жеңісі деп білемін. Әр жекпе-жек оңай болмады, бірақ мен өз елімнің намысын қорғап, жеңіске жету үшін бар күш-жігерімді салдым, — дейді Аружан Зейноллаева.

Оның айтуынша, бұл жеңіс — алға қойған мақсатқа жету жолындағы мотивация. Аружанның алдағы асулары Азия чемпионаты мен 2028 жылғы Олимпиада ойындарында топ жару болып отыр. Чемпион қызымыздың биік шыңдарды бағындыруына және Қазақстанның абыройын асқақтатынына сенімдіміз мол.

— Біздің қыздардың әлем чемпионатында көрсеткен нәтижесі — үлкен еңбектің, төзімділіктің пен мықты командалық жұмыстың жемісі. 73 мемлекеттің арасынан топ жарып, қоржынмыз медальға толғанына қатты қуанып жатырмыз. Жарысқа әртүрлі салмақ дәрежесінде 12 боксшы қызымыз қатысып, оның 9-ы жүлделі орындарға ие болды. 2 алтын, 1 күміс, 6 қоламен осы әлем чемпионатын керемет деңгейде өткіздік деп ойлаймын, — дейді қыздар құрамасының аға бапкері Жангелді Ахметов.

Жалпы бокстан Қазақстан құрамасын тұрақты ақпараттандырып отыратын спорт журналистері бар. Соның ішінде Аслан Қаженовты баса айтқанымыз жөн. Әлем біріншілігін көзбен көріп, елге хабар беріп отырған журналист чемпионатқа қатысты өзінің пікірін білдірді.

— Осы тарихи жетістікке негіз болған бірнеше фактор бар. Біз көбіне спортшылардың дайындығын айтамыз. Мамандардың біліктілігін айтамыз. Оның сыртында жасалып жатқан жағдайлар тағы бар. Ал ең негізгі фактор деп ауызбіршілікті алға тартар едім. Өйткені әлем чемпионатына дайындық кезінен бастап куәгермін. Жарыстың басы-қасында да болдым. Қазақ боксының тарихи жетістігіне негіз болған ең басты фактор — ауызбіршілік, — дейді ол.

Журналистің пікірінше, бұл жетістікте барлық қатысушының еңбегі бар. Президенттің Париж Олимпиадасынан кейін реформалар туралы тапсырмасынан бастап, спортқа жауапты министрлік, Қазақстан бокс федерациясының басшылары, бапкерлер, дәрігерлер, массажистер, диетологтар, психологтар, спортшылар мен ата-аналар — барлығы жұмыла әрекет етудің арқасында осындай тарихи нәтиже тіркелді.



телген еді. 2018 жылы Венгрияда және 2021 жылы Германияда өткен байрақты бәсекелерден Қазақстан 2 алтынмен оралды. Жалпы есепте топ жарып, Қазақстан құрамасы Өзбекстан, Ресей, Қытай, Ирландия секілді бокстағы қарымы күшті мемлекеттерді артта қалдырды. Кестеге көз тастасақ, екінші орындағы Өзбекстан мемлекеті 5 алтын, 5 күміс және 3 қоламен қоржындарына салды. Ал үздік үштікке кірген ресейлік спортшылар 5 алтын, 2 күміс пен 1 қола иеленді. Жеміпаздар мен жүлдегер спортшыларға халықаралық бокс қауымдастығы ақшалай сыйлық табыстады. Айта кетейік, аталған біріншілікте сыр спортшысы Аслан Елдібайұлы 92+келі салмақ дәрежесінде сынған түсіп, қола



МӨЛДІР ЖАҢБЫРБАЙ АЛТЫН МЕДАЛЬ ИЕГЕРІ

Сыр елінің спорттағы мақтаныштарының бірі — Мөлдiр Жаңбырбай. Бұған дейін байрақты бәсекелерде топ жарған ару жуырда тағы да жеңіс тұғырынан көрінді.

Нақтыласақ, 8-10 қараша күндері Ресейдің Мәскеу қаласында өткен каратэден ересектер арасында халықаралық турнирде жеңімпаз атанып, алтын медальға ие болды. Ол 50 келі салмақ дәрежесінде сауатты өнер көрсетіп, қарсылас шак келтірмеді.

—Кез келген спортшының алға қойған мақсаты болады және сол жолда аянбай еңбек етеді. Менің де келешекке көз тастаған жоспарларым бар. Шүкір барлығы ретімен келе жатыр. Алда талай дода күтіп тұр. Барлығы тыңғылықты жаттығуды талап етеді. Сондықтан үнемі бабымда болуға тырысамын. Бапкерім — Нұржан Ақпанбетке шынайы алғысымды білдіремін, — дейді спортшы ару.

Айта кетейік, 2023 жылы дәл осы турнирде Мөлдiр Жаңбырбай ІІ ші орынға ие болып, күміс медаль жеңіп алған болатын.



ЖАЛАҒАШТА ӨТКЕН ДӘСТҮРЛІ ТУРНИРДЕ МЫҚТЫЛАР ТОП ЖАРДЫ

Жуырда Жалағаш ауданында ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткері Мөрәлі Шәменовты еске алуға арналған дзюдодан 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтті.

Дүбірлі долада Астана, Шымкент қалаларынан, Абай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Түркістан, Атырау, Ұлытау, Маңғыстау облыстарынан және Қызылорда қаласы мен аудандарынан келген 350-ге жуық спортшы 9 салмақ дәрежесінде бақ сынасты.

Екі күнге созылған турнир нәтижесі бойынша 25 команданың ішінен командалық есепке сәйкес, Қызылорда қаласы 4 алтын, 3 қоламен — І орынды, Атырау облысы 1 алтын, 3 күміс, 6 қоламен — ІІ орынды және Жалағаш ауданы І алтын, 2 күміс, 2 қоламен — жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Ал салмақ дәрежелері бойынша 38 келі салмақта Жалағаш аудандық №13 олимпиадалық-резервтік спорт мектебінен А.Батыржанұлы, 42 келі салмақ дәрежесі бойынша Қызылорда қаласынан А.Керейтбай, 46 келі салмақ дәрежесі бойынша Жаңақорған ауданынан М.Ахмет, 50 келі салмақ дәрежесі бойынша Қызылорда қаласынан Н.Әбдіқадыр, 55 келі салмақ дәрежесі бойынша Н.Мұратов, 60 келі салмақ дәрежесі бойынша М.Жолдасбек, 66 келі салмақ дәрежесі бойынша Н.Дүйсенбай І орынды иеленсе, 73 келі салмақ дәрежесінде Батыс Қазақстан облысынан М.Қыдырбай І орынды еншіледі.

Сонымен қатар ірі салмақ дәрежесінде жүлделі І орынды Атырау облысынан келген спортшы А.Мақсат қанжығасына байлап, үздік ойынның үлгісін көрсетті.

Айта кетейік, жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын турнирдің мақсаты саналы ғұмырын мемлекетіміздің өркендеуіне, туған жеріміздің көркеюіне арнаған азамат, ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткері Мөрәлі Шәменовтың есімі мен еңбегін кейінгі буынға ұлықтау болып табылады.

ЖЕРЛЕСІМІЗ ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІНІҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

28 қазан мен 10 қараша аралығында Бразилия мемлекетінің Флорианополис қаласында жасөспірімдер арасында классикалық шахматтан әлем біріншілігі өтті.

Ақыл-ойдың аламына 63 елден 500-ден аса қатысушы келді. Аталған чемпионатта қазақстандық спортшылар 3 күміс пен 1 қола медальға қол жеткізді. Сол қатарда жерлесіміз Алдияр Аңсағ та бар. ІІ орын иегері атанған ол осымен әлемдік сайыстағы үшінші жетістігіне еншілеп отыр. Сыр өңірінің ғана емес, тұтас қазақ елінің мерейін үстем еткен спортшыны Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы құттықтап, әлеуметтік желіге жазба жариялады.

— «Қалірілі жерлестер, құрметті спортсүйер қауым! Бразилиядан ақжолтай жаңалық жетті. Флорианополис қаласында өткен классикалық шахматтан Әлем чемпионатында жас спортшымыз Алдияр Аңсағ жүлделі ІІ орын иеленіп, ел абыройын асқақтатты.

Әлемнің 63 елінен келген 500-ден астам ең мықты спортшылар арасынан Қазақстан, оның ішінде Қызылорда өңірінің шахматшысы топ жарды. Алдиярдың 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы сайыстан ІІ орын иеленуі — біз үшін алтынға бергісіз жетістік!

Ол Бразилиядағы Әлем чемпионатында ІІ ойын өткізді. Нәтижесінде ой сайысынан 8,5 ұпай жинап, үздіктер қатарынан көрінді. Жас шахматшымыз Сыр елінің спорттық жетістіктер қоржынына тағы бір күміс медаль қосты.

Алдиярдың айтулы интеллектуалдық ойынға қызығушылығы 4 жасынан оялды. Алты жасында Тайландта өткен Әлем біріншілігінің жеңімпазы, 8 жасында Қазақстан Республикасының чемпионы болған. Сөйтіп 11 жасында «Фиде шебері», 13 жасында «Халықаралық дәрежедегі шебер» атағын иемденді. Міне, бүгін тағы бір әлемдік долада үлкен жетістікке қол жеткізді.

Айналайын, Алдияр, әлемнің, Қазақ елінің, Сыр өңірінің спорт шежіресіне атын алтын әріппен жазылатын жарыстарда жүлдеңіз жарқырай түссін! Сенің озық ойыңа төртқұл дүние қуа бола берсін! Жеңіс құтты болсын, Сыр елі!, — делінген облыс әкімінің жүрекарды жазбасында.



Бетті өзiрлеген Нұр Бақыт

БІЛІМДІ ҰРПАҚ, САПАЛЫ БІЛІМ — БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Қазіргі қоғамда білімді ұрпақ тәрбиелеу — ең маңызды міндеттердің бірі. Әрбір елдің дамуында, мәдениеті мен өркениетінде жастардың алар орны ерекше. Бүгінгі білімді ұрпақ — болашақтағы ғылымның, экономика мен саясаттың қозғаушы күші. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарды сақтайтын және оны келешекке жеткізетін бұын. Білімді, саналы, жан-жақты ұрпақ қана еліміздің ертеңіне зор үлес қоса алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Еліміздің барлық азаматы, әсіресе жастар мұны жақсы түсінуі керек және реформалардан шет қалмағаны абзал. Бүгінгі жас ұрпақ жаңғыру үдерістеріне атсалысып, елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың игілігін толық сезінуі қажет. Дарынды, талапты және еңбекқор жастар, оның ішінде ғалымдар — заманауи Қазақстанның жарқын келбеті. Жас әрі терең білімді азаматтар — ұлтымыздың басты капиталы және қоғамдағы оң өзгерістердің қозғаушы күші. Халқымыз қашанда жанашылдыққа құштар болған. Әрдайым білімге, шығармашылыққа және жасампаздыққа ұмтылған, бірлік пен ынтымақты ту еткен. Бүгінде халқымыздың жоғары білім деңгейі, озық ойлау жүйесі, азаматтардың жауапкершілігі, көп тілді жетік менгеруі және мәдени әралуандылығы ұлттық бірегейлігіміз бен қазақтың «оқумсақ күші» дейтін ұғымның негізін құрайды. Мұның бәрін бір ауыз сөзбен қазақтың «оқумсақ күші», яғни «soft power» деуге болады» деді ол. Міне, ел президентінің айтқан дағдылары еліміздегі біршама мектебінде қазірден үйретілуде. Себебі білімді ұрпақ — елдің тұрақты дамуының негізі. Дамыған елдердің тарихына көз жүгіртсек, олардың жетістіктерінің негізгі күші білім мен ғылымда болған. Білім арқылы жастар жаңа технологияларды менгеріп, өнеркәсіп саласын дамытуға және экономикада жаңа мүмкіндіктер жасауға үлес қоса алады. Бұл мемлекеттің әлемдік деңгейдегі орнын бекітіп, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мәселен, еліміздегі «Білім-инновация» лицей-интернаттары оқушылары жаһандық аренада ел намысын қорғап жүр. Әрінен тартпайық, өңірміздегі Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаттың жетістігі ұшан-теңіз. Жақында ғана аталған оқу орнының 11 «А» сынып оқушысы Иса Ахмет Мысыр еліндегі Александрия қаласында информатикадан «IOI-2024» халықаралық олимпиадасынан қола жүлдемен елге оралды. 90 елден келген 350 қатысушының арасында білімінің арқасында жетістікке жетіп, ел мерейін үстем етті.

Иса Ахметтің бұл жетістігі бір күндік еңбектің көрсеткіші емес екені анық. Жылдар бойы төгілген тер, балалық уақыттың көп бөлігін ізденіске арнау, ұстаздың уақытын аялап, біршама дүниені үйрену. Осының бәрін үздіксіз жасаудың арқасында жақсы нәтижеге қол жеткізді. Бүгінде ол тек лицейдің ғана емес, барша Қызылорда облысының мақтанышы.

Информатика саласындағы жоғары нәтижелері оның болашақта IT индустриясында немесе ғылымның өзге де бағыттарында көшбасшы болуға деген қабілетін көрсетеді. Оның соңғы үш жыл ішіндегі республикалық, еуразиялық және халықаралық олимпиадалардағы жетістіктері мұны айқын дәлелдейді. Ұстаздың еңсесін көтеріп, мақтаныш кернейтін сәті — шәкірт жетістігі. Тіпті өз баламыздан артық алаңдайтынымыз да рас. Ендеше, Иса Ахмет шәкіртіміңіз соңғы үш жылдағы жетістіктеріне шолу жасайын.

Ол 2022 жылы республикалық деңгейде алғаш рет үлкен нәтижелерге қол жеткізіп, ұлттық деңгейде танымал бола бастады. Еуразиялық информатика олимпиадасында күміс медаль алып, жаһандық аренада дебюттен сәтті бастады. Сол жылы республикалық информатика пәнінен жасөспірімдер олимпиадасы мен республикалық мамандарының қатарында тағы да дәлелдеп, еуразиялық олимпиадада бұл жолы алтын медальды жеңіп алды. Осы жыл — оның ең табысты жылдарының бірі. Республикалық олимпиадада қатарынан екі жыл алтын медаль жеңіп, бұл пәннен еліміздегі ең мықты оқушы екенін тағы да дәлелдеді. Халықаралық деңгейде Жәугіков олимпиадасында күміс және Халықаралық информатика олимпиадасындағы қола медалі оның әлемдік аренадағы орнын айқындады.

Иса Ахмет шәкіртіміңіз олимпиадалардағы жетістіктері тек білімге деген талаптың нәтижесі ғана емес, оның табиғи талантының нәтижесі ғана емес, оның тал-бандылығы мен ерік-жігерін де көрсетеді. Әрі жарысқа мұқият дайындалып, жаңа білімдерді игеруге және алдыңғы нәтижелерін одан әрі жақсартуға ұмтылған. Оның осындай нәтижелерге жетуінде ата-анасының, мұғалімдерінің, сондай-ақ лицей басшылығының қолдауы да үлкен рөл атқарады.

Көп елде ағылшын тілі қолданыста екенін мойындау керек. Қазақ балалары да үш тілден аса тілде бұлбұлдай сайрап тұрса, оның үстіне бүкіл әлем білетін тілді жетік менгерсе, керемет емес пе? Тіл білген тілегіне жететіні ақиқат. Шыны керек, қазақ тілді ақпарат қоғамда аз. Университетке оқуға түскенде академик, зерттеуші ғалымдардың беретін тапсырмаларын тиянақты орындау үшін тек қазақ тілін білу жеткіліксіз. Ақпаратты орыс-ағылшын тіліне аудару қажет. Сондықтан бұл тілдерді білу де қоғамда өз орнын табу үшін керек. БИЛ лицейі де ағылшын тілін қолға алған. Біршама шәкіртіміңіз бұл тілді жетік менгергені туралы таңданысқа соғып айтуға болады. Ал, Иса Ахметтің ағылшын тілі деңгейіне қатысты бірқелкі жауап жазу ұстаз ретінде маған сын. Өйткені қазақтың тұма дарыны Абай Құнанбаевтың өлеңін, қара сөзін әрбір қазақ білуі қажет дейміз. Оның өмірбаянын да оқу керекі сөзсіз. Мұхтар Әуезовтың 4 томдық «Абай жолы» романын бұрынғылардан оқымаған қазақ жоқ шығар, сірә? Ал Иса Ахмет осы тарихи романды ағылшын тілінде оқып, түсініп айтқан жас өрен. Қазір жастардың аузынан кітаптың аты аталамайды, үні шықпайды. Қазақ кітабының жолын кесіп, көрнейін десе көлегейлеп отырған тас-табан тосқауылдар, халықтың тыныстауына жасалынып отырған жасанды кедергілер. Техника дамыған тұста, руханиятымыз әлсіреп жатқаны сөзсіз. Сол себепті шәкірттерімізге терең біліммен қатар, рухани құндылық енгізуіміз қажет. Осындай кезде білімді ұрпағымыз еліміздің байлығына айналады.

Кезінде бірі ұстаздың үкілеп отырған үміті Иса Ахмет шәкіртіміңіз, енді ел мақтаншы. Жас дарынның алдағы уақытта да үлкен жетістіктерге жететініне сенеміз! Мұндай шәкірттеріміз көп болғай!

Нұрғазы ЖАШБАРОВ,
№9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаттың жоғарғы санатты ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері


Қазір цифрлық технологиялар біздің өміріміздің барлық саласына терең еніп үлгерді. Смартфондар, жасанды интеллект, робототехника, деректерді талдау сияқты жаңалықтар тек қана құрал емес, біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Бірақ болашақта бұл технологиялар қандай рөл атқарады? Олар біздің өмірімізді жақсартпа ала ма, әлде өзіміз жасап шығарған дүниенің құлына айналамыз ба?

Бұл сұрақтар әлем ғалымдары мен ойшылдарының да, қарапайым адамдардың да қызығушылығын туғызуда.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ БОЛАШАҒЫН ҚАЛАЙ ЕЛЕСТЕТЕСІЗ?

Кейбір футурологтар цифрлық болашақты таңғажайып мүмкіндіктер кезеңі деп есептейді. Мысалы белгілі болашақтанушы Рэй Курцвейл алдағы онжылдықтарда жасанды интеллект адамдармен тең дәрежеде шешім қабылдап, шығармашылық идеяларды жүзеге асыратын болады деп болжайды. Оның пікірінше, 2045 жылға қарай адамзат «сингулярлық» деп аталатын ерекше кезеңге өтеді. Бұл технологиялар адамның физикалық және интеллектуалдық қабілеттерін шексіз кеңейтуге мүмкіндік беретін уақыт болмақ. Дегенмен мұндай болашақ әрдайым позитивті болуы мүмкін емес. Илон Маск секілді көптеген ғалымдар жасанды интеллекттің бақылаусыз дамуы адамзат үшін үлкен қауіп төндіруі мүмкін екенін ескертеді. Ол жасанды интеллекттің табиғатын «Біз отты ойлап таптық, бірақ оны қалай өндіру керекін әлі білмейміз» деп сипаттайды. Бұл адамның өзі жасаған дүниені басқара алмайтын қауіпке айналмауы үшін қажетті.


Болашақта цифрлық технологиялар біздің өмірімізді қалай өзгертеді? Білім беру саласында жасанды интеллект әр оқушының білім алу деңгейін бақылап, жеке оқыту бағдарламаларын ұсына алады. Медицина саласында робот-хирургтар аса күрделі операцияларды адамдардан да дәл орындауы мүмкін. Көлік жүйесінде жүргізушісіз көліктер мен ұшатын дрондар қозғалысты жылдам әрі қауіпсіз етуі ықтимал. Бірақ мұның бәрі еңбек нарығында үлкен өзгерістерге әкеледі. Көптеген дәстүрлі мамандық автоматтандырылып, роботтармен алмастырылады. Сонымен бірге жаңа



технологияларға негізделген мамандықтар пайда болады. Бұл адамдарды жаңа дағдылар мен білім алуға мәжбүр етеді. Цифрлық дәуірдің мүмкіндіктері таңғаларлық болғанымен, қауіптері де жоқ емес. 2017 жылы «Google» компаниясы жасаған «AlphaGo Zero» бағдарламасы тек үш күннің ішінде адамзаттың гасырлар бойы менгерген «Go» ойынын толық игеріп, барлық адам ойыншыларынан асып түсті. Бұл жасанды интеллекттің қаншалықты жылдам және тиімді даму қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар ғалымдар жасанды интеллекттің өзін-өзі тану қабілетіне ие болу мүмкіндігін зерттеп жатыр. Егер бұл жүзеге асса, адам мен машина арасындағы қарым-қатынасты қайта қарау қажет болады.

Цифрлық дәуір бізге шексіз мүмкіндіктер беріп отыр. Ол білім алуға, денсаулық сақтауға, қарым-қатынасқа, өндірістік процестерге жаңа серпін әкеледі. Дегенмен біз технологиялардың дамуын жауапкершілікпен бақылап, оларды адамның игілігіне бағыттауымыз қажет. Болашақтың қандай болатыны біз қабылдайтын шешімдерге байланысты. Сондықтан да цифрлық дәуірді жарқын болашаққа айналдыру — әрбір адамның міндеті. Ал сіз цифрлық дәуірдің болашағын қалай елестетесіз? Технологиялар біздің өмірімізді жақсартпа ала ма, әлде жаңа қиындықтарға әкеледі ме? Бұл сұрақтардың жауабын табу — біздің бүгінгі қадамдарымыздың нәтижесінде айқындалады.

Шәкәрім БАЛТАБАЕВ,
Корқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҮЛГІСІ



Бұл мақаланы жазуымның басты себебі — жерлес ғалым, қазақ әдебиетінде сатира мен юмор жанрын зерттеген Алпысбай Мұсаұлының өмірі мен еңбектері туралы жастарға таныстыру. Оның шығармашылығы, еңбек жолы мен үшін үлкен үлгі. Сондықтан осы тулғаны басқаларға да жақынырақ танытқым келеді. Қазіргі таңда ағамыздың шығармашылығы бойынша ғылыми жоба жазып, зерттеу жүргізіп жүргендіктен, оның еңбектерінен әрдайым жаңа ой, терең мағына тауып келемін. Өз туған жерімізден шыққан осындай дарынды адамдардың

жетістіктері бізге мақтаныш сыйлап қана қоймай, еңбеккерлік пен табандылыққа шабыттандырады деп сенемін.

Алпысбай Мұсаұлы — қазақ әдебиетінің сатира жанрының дамуына зор үлес қосқан ғалым, әдебиеттанушы. Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Дихан» ұжымшарында қарапайым еңбекші отбасында дүниеге келген. Ол адал еңбек пен қажырлы ғылым жолында үлкен жетістіктерге жеткен тулға. Кейінгі жастарға рухани және ғылыми бағытта үлкен мұра қалдырып келеді. Ғалым еңбектері қазақ әдебиетінде сатира жанрын терең зерттеуге арналған. Сатираның қоғамдағы ролін, оның адам өміріне тигізетін әсерін нақтылап, қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелді. Оның сатира мен юмордың маңызын ашуға арналған еңбектері арқылы қазақ әдебиетінде сатираның қоғамдық тәрбиелеу құралы ретіндегі ролі жоғары бағаланды. Алпысбай Мұсаұлының еңбектері жастарға сындарлы көзқараспен қарап, қоғамдағы кемшіліктерді сыңға алуға,

оны түзетуге бағытталған әдебиет ретінде сатираны түсінуге көмектесті.

«Қазақ сатирасы және оның ерекшеліктері» — бұл еңбегінде қазақ сатирасының жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін терең зерттейді. Зерттеуі арқылы сатираның әлеуметтік маңыздылығын, оның қоғамды тәрбиелеудегі ролін ашып көрсетеді. «Қазақ әдебиетіндегі юмор және сатира» атты еңбегінде қазақ әдебиетіндегі юмор мен сатираның айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстыра отырып, олардың әдебиеттегі орнын, халық санасына әсерін талдау арқылы сатиралық және юморлық дәстүрлерін одан әрі дамытудың негізін қалады.

«Қоғамдық өмірдегі сатираның ролі» еңбегінде ол сатираның адамды тәрбиелеудегі күшін және оның қоғамдағы шынайы әсерін зерттейді. Сатира арқылы адам бойындағы кемшіліктерді сыңға алып, қоғамды оналтуға болатынын дәлелдейді. Жастарға ғылым, білімге ұмтылудың маңыздылығын көрсетті. Ол

әрдайым қарапайымдылықты сақтап, туған жеріне қызмет етуге тырысты.

Ғалымның ғылыми еңбектері, өмірлік ұстанымы және туған жеріне деген адалдығы — нағыз еңбек адамының үлгісі. Оның әдебиетке, туған жерге деген махаббаты мен ғылымға адалдығы көпшілікке шабыт сыйлайды. Қазалы топырағынан шығып, сатира жанрын зерттеуде тың бағыт қалыптастыра білген ғалымның еңбектері — қазақ мәдениеті мен руханиятының азық мұрасы. Ол жастарға еңбектің, білімнің, адалдықтың құндылығын ұғындырып, өз елінің дамуына үлес қосу жолында аянбай еңбек етудің маңызын көрсетеді. Алпысбай Мұсаұлының өмірі мен мұрасы, туған жеріне қалдырған ізгілікке толы істері әрбір жас буын үшін нағыз азаматтықтың, адалдықтың және еңбеккерліктің үлгісі болып қала бермек.

Аяна ФАЙЗУЛЛАЕВА,
Қазалы қаласындағы №16 М.Горький атындағы №16 мектеп-лицейдің 8-сынып оқушысы

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ — БОРЫШКЕРДІҢ ПАРЫЗЫ

Бүгінде сот шешімі бойынша ата-анадан кәмелетке толмаған балалардың пайдасына алимент өндіру өзекті мәселе болып отыр. Ата Заңымыз — Конституцияның 76-бабының 3-тармағы және ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 21-бабына сәйкес соттардың шешімдері, үкімдері мен өзге қаулылары барлық мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен міндетті түрде орындалуы тиіс.

Сот шешімін орындау тәртібі ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 236-бабында көрсетілген. Аталған бап бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады. Ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша өтінішімен сот оны борышкердің мекенжайына байланысты, аумағындағы атқарушылық іс жүргізудің тиісті органына орындау үшін жібереді. Сот шешімін орындамаған борышкерлерге (балаларына алимент төлемейтін қашық ежелерге) әкімшілік және қылмыстық



жауапкершілікті одан әрі күшейту көзделген. Қазір прокуратура органдарымен бірлесіп сот орындаушылар борышкер жайлы билбордтар шығарып, БАҚ арқылы мақалалар жариялауда. Арнайы түсірілген бейнероликтерді телеарналар мен ғаламтор желілерінде көрсету де борышкерлермен күресудің бір жолы. Осы шараларға қарамастан төленбей отырған, орындалмай жатқан алимент өндіру құжаттары баршылық. Ал шығарылған сот шешімі толығымен орындалмайынша, жеке тұлғалардың немесе заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтары қалпына келтірілді деуге болмайды. Сот шешімдерінің орындалмауы — сот жүйесінің

ғана емес, жалпы мемлекеттің өзекті проблемаларының бірі.

Ажырасу көп болғандықтан, борышкерлер қатары жыл санап артып келеді. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, алимент өндіру жөнінде шыққан әрбір төртінші сот шешімі орындалмайды. Туған баласынан безген безбүйрек ежелердің баласын жастайынан «тірі жетім» атандырып, өз қанынан жаралған ұрпағына қатыгездік жасауы көңілге қаяу салмай қоймайды. Осындай қоғамдық ауыр мәселеден балалар зардап шегіп отыр.

Қызылорда облысының жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының жеке сот орындаушыларымен алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлерге рейдтік шаралар жүргізіліп, ҚР ӨҚБТК-нің 669-бабымен әкімшілік жауапкершіліктері қаралауда. Сондай-ақ әрі қарай алимент төлеуден жалтарған жағдайда борышкерге ҚР Қылмыстық Кодексінің 139-бабымен қылмыстық жауапкершілігі қаралатынын ескертеміз.

А.АУКЕНОВ,
жеке сот орындаушы

<p>ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ</p> <p>«Дос-Эко» ЖШС (БСН 230840012277) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен жайда қабылданады: Қызылорда қаласы Абдрашова көшесі 41. Байланыс телефоны: 87774534995</p>	<p>ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ</p> <p>«СОНАР И К» ЖШС (БСН 010140001062) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Хон Бен До көшесі 150. Байланыс тел.: 8776 878 05 88.</p>
---	--

СЕН ДЕ – БІР КІРПІШ, ДҮНИЕГЕ, КЕТІГІН ТАП ТА, БАР ҚАЛАН!

Қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Жас тілші» үйірмесінің оқушылары:



Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды қадам. Мамандық – әрбір адамның сүйсіне жасайтын ісі, ертеңгі болашағы. Ал әр адамның негізгі мақсаты екі таңдаудан қателеспеу. Оның бірі жар таңдау болса, енді бірі мамандық таңдау. Бұлай айтылуының себебі – сенің болашағың сенің таңдауыңмен тығыз байланысты болады.

Адам мамандықты жүрек қалауы бойынша таңдау керек. Өз ісін жақсы көріп, жауапкершілікпен атқарғанда ғана сол саланың мақтаншына айнала алады. Мамандық таңдау оқып, білу мен бір жапырақ қағаз алу ғана емес. Өмір жолыңды дұрыс таңдау. Сондықтан болашаққа қадам басарда «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» абзал. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, әрі зейінді болуы қажет.

Өлемде 40 мыңға жуық мамандық түрі бар. Ал мен журналист мамандығына тоқталдым. Журналистика – қиындығы мен қызығы мол, жан-жақты білімділікті талап ететін жауапты сала. Бұл өткен дәуірде, қазіргі кезде, келешекте де өз құндылығын жоғалтпайтын мамандық.

«Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады» дейді орыс ғұламасы Н.Михалковский. Менің ойымша, журналист басқа мамандыққа ұқсамайтын ерекше мамандық. Ол шығармашылықтың асқар биігі. Адамда журналистикаға деген нағыз сүйіспеншілік болса ғана ол өз саласының білгірі болады деп ойлаймын.

«Журналист болғым келеді» деген ой маған ғайыптан немесе ата-анамның қалауы бойынша келген жоқ. Қазір жүрегімде «журналист боламын» деген жалын оты бала кезімнен жүрегімнің түкпірінен өз орнын алды. Бірақ мен де мұғалім немесе халықтың өмірін құтқаратын ақ халатты абзал жан боламын деп ұзақ жүрдім. Дегенмен уақыт өте журналист болуға толыққанды бел будым. Бұл мамандық сауаттылықты, әдеби тілді және тіл байлығын қажет етеді. Әрдайым газет-журналдарды, әдеби кітаптарды оқи отырып, менің де құлшанысым күннен күнге артып келеді. Уақыт өте бұл арманым алға қойған мақсатыма айналды.

«Көз қорқақ, қол батыр» демекші, журналист тыңдарманды өзіне сендіру үшін ең алдымен өзіне-өзі сенімді болуы керек. Өзімді шыншау үшін қала ішіндегі шеберлікке үйрететін ұйымдарды іздеуге кірістім. Менің ізденісім зая кетпей, қаладағы оқушылар сарайының «Жас тілші» атты шығармашылық үйірмесінде өз білімді дамытып келемін.

Журналистика – қиын және қызықты мамандық. Шыдамдылықты, батырлық пен тапқырлықты қажет ететін сала. Дегенмен журналистиканың қызығы мен шығармашылық қатар жүреді. Бұл бағыттың барлық қыр-сырын біліп, тереңінде жатқан асыл қазынасын теру – білікті маман иесі болу жолындағы басты қадам. Болашақта өз ісінің шебері болу үшін осы бастан еңбектенуім қажет. Себебі менің арманым – менің болашағым.

Нүрсезім
БАХЫТЖАНОВА

Иә, әр адамның бұл өмірде өзіндік орны бар. Әр түрлі мамандық, түрлі сала. Бірақ өмірдегі ең дұрыс шешімдердің бірі жанына жақын, көңіліне қуаныш, жүрегіне шуақ сыйлайтын мамандықты таңдау. Әр адамның бойында тулай тасыған бір қабілет, бір дарыны бар. Оны тапқан және сол бойынша жұмыс істеген адам осы дүниенің бақытына жолықпақ. Ал егер Тәңірдің берген бойдағы дарынын пайдаланып, өмірден өз орныңды таппасаң не болмаса сүйіп тұрған мамандығыңнан қол үзсең, өзгенің пікіріне құлақ түріп, өз таңдауыңды кейінге ысырсаң, сол сала бойынша мықты маман иесі болып шығуың екіталай. Жақсы көрмейтін жұмыстан не қайыр болсын?

Мен болсам осындай оймен іштегі қабілетімді іздеп, саралап, жанымға жақын болған мамандығымды таптым. Ол – ақиқат пен шындықты таразылап, адамға шынайылықты көрсететін, әлемдегі жаңалықтарды жұрттың білуіне себепші болатын журналистика мамандығы. Мен бұл жолды әділдік пен шындықты бойыма сіңіріп өскендіктен, оның не екенін түсінгендіктен, Құдайдың берген сөз саптау мәнеріммен, құлақ құрышын қандырарлықтай дауысымның елге пайдасын тигізгенін қалап, осы жолды таңдадым. Таңдауым талғаммен қарадым, және еш өкінген емеспін. Бұл жол қыз баласына ауыр шығар... Бірақ әділдікті, шынайылықты, ақиқатты алға қойған арудың мақсатын ешқандай да қорқыныш тұншықтырмақ емес.

Өтірік сөзге толы заманда, жалғанның жетегінде жүргендей, ағынға қарсы жүзіп, ақиқатқа бет бұрғаным мың есе артық. Өлі балық қана ағынмен жүзіп кете береді, ал тірі балық қанша қиын болса да ағынға қарсы жүзбей ме? Ендеше, осынау кірпіш дүниеге, кетігімді тауып қалануыма не бөгет? Мендегі толқын, шындыққа деген махаббат, осы мамандыққа қарай жетелеп алып келді.

Өмірде оңай жұмыс жоқ, әр саланың өзіндік қиындығы бар. Бірақ Құдайдың қалауымен, берген нығметін, бойдағы талантын пайдаланып, сол бойынша өмір азығын тапқан адамға өз мамандығының қиындығы бола қоймас. Ата-аналар баласының министр, әкім болғанын қалайды. Дұрысы баламен жеке сырласып, бойындағы талантын аңса, келешек далада қалмайды деп ойлаймын.

Мерей ҚАЛАБАЙ



«Патша қанша жерден ақымақ болса да баласының ұстазының алдын кеспейді» дейді ежелгі грек ғұламалары. Ал қазақта мұны «алты Алаштың игі жақсысы бас қосса, төрдегі орын ұстаздікі» деген Мағжаннан асырып айтпаспыз...

Ұстазын ұлықтаған халық үшін мұғалім – қоғамның айнасы іспеттес. Бесіктен шығып, есіктен атпаған әрбір баланың үлкен ортаға аяқ басына себепші болатын да осы жандар. Мәртебелі мамандық иелері қай кез-

ҮЛГІЛІ ОҚУШЫ – ҰСТАЗ ҮМІТІ

де де бірінші орынға атак, мансапты емес, шәкірт тәрбиесін қояры хақ. Баласы бәйгеге қосылса тақымын қысатын үйдегі ата-ана болса, шәкірті шыңға шықса шаттанатын жан ол – ұстаз.

Мұны неге айтып отырмын. Өйткені Қазалы ауданындағы еңселі білім ордасының бірі – Мұстафа Матаев атындағы №170 орта мектепте білікті де білімді ұстаздар бар. Қасиетті шаңырақтан талай оқушы түлеп ұшып, қазірде түрлі салада еселі еңбек етіп келеді. Ал мұның барлығы мұғалімнің еңбегі, төккен тері.

Қоғам үшін алаңдайтын алып балаларды тәрбиелеген мектепте білімді оқушылар өсіп, жетілуде. Соның бірі – 4 сынып оқушысы Нұрасыл Танатар. Елгезек, ізденімпаз жас осы күнге дейін талай математика пәні бойынша облыстық, республикалық турнирлерге қатысып, топ жарып жүр. 20 жыл осы саланың қиындығы мен қызығына қанық болып келе жатқан тәжірибелі маман

Кеше Абай Құнанбаевтың тренингіне жазылдым. Бүгін міне, жолым болмай кешігіп келе жатырмын. Екі өкпемді қолыма алып, асығып әзер дегенде жеттім. Іштен ұлы Абайдың дауысы естіліп тұр. Ұялғанымнан ішке кіре алмадым. Екі құлағымды есікке түріп қоя бергенде, есік кенеттен ашыла кетіп, жерге топ ете түстім.



Селк ете қалдым, сөйтсем түсім екен. Қолымда Абайдың кара сөздер кітабы. Оқып отырып, ойға шоғылып кетіпмін. Абай өз кара сөздерін оқырманмен сырласқан түрде, көркем етіп жеткізген. Бұл кітабының ғажаптылығы сонша, мені ұйқыға еріксіз тербетіп әкеткен.

Оның әрбір туындысы мен секілді қолына кітап ұстаған барша адамды еліктіретіні рас. Егерде Абайды әр қазақ оқып, сөзін санасына сіңірген болса, бүгінгі қоғам дерті таусылған болар еді. Абай Құнанбайұлы адамдарды оқу-білім мен ізденіске шақырады. Тіпті «Сен



де – бір кірпіш, дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деген өлең жолдарының өзі адамды ерекше сезімге бөлейді.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, Абай кімдерден тәрбие алып, «ұлы Абай» атанды? Өрине, әкесі Құнанбайдан, ақылды да ардақты анасы Ұлжаннан, дара әжесі Зереден. Осы дарындылардың арқасында білім мен тәрбиені, ыстық қайрат пен нұрлы ақылды, жылы жүректі бейнелеп кеткен ұлы Абайдың біз үшін алар орны ерекше.

Кейде менің ойымда «Егерде ұлы Абай менің заманымда ұстаздық қызмет атқарса, менің ұстазым болса, мен қандай оқушы болар едім?» деген сұрақ туындайды. Оқушылар қандай білім алар еді? Бұл сұрақ менің көкейімде біраз уақыт жүрді, көп ойландым. Егерде ол менің ұстазым болса, менің ерекше тұлға болып қалыптасарым сөзсіз.

Өрине, әрбір оқушы алтынның сынығы саналатын ұлы данағөйден білім көкжиегін кеңейтсе, өздері де сол бағалы жақұтқа айналмақ. Абайдың 45 кара сөзі болса, мен өзімнің 10 даналық нақыл сөздерімді қағаз бетіне түсірер ме едім...

Тіпті, ағартушы Телғара өзінің 32 кара кара сөзінде «Білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектікті өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта

көңілде бір рахат хұзур хасил болады» демеп пе еді?!

«Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып, күн болам! Қараңғылықтың көгіне, күн болмағанда, кім болам?» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз айтқандай мен де жаңа Қазақстанның көгіне күн болып күлімдеп, жұлдыз боп жарқырап өз миссиямды толық қалыптастыратынымға сенемін!


Мереке ДҮЙСЕНӘЛІ

ХИМИЯ ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР: БІЗДІ ҚОРШАҒАН ЗАТТАРДЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Мен химияның қаншалықты маңызды екенін күн сайын сезінемін. Күнделікті өмірде азық-түлік, киім, косметика немесе тұрмыстық химия заттары болсын біз үнемі химиялық элементтермен және қосылыстармен жұмыс істейміз.

Кез келген зат химиялық элементтерден тұрады. Мысалы су молекуласын алсаң, оның формуласы – H₂O. Бұл екі сутегі және бір оттегі атомынан құралғанын көрсетеді. Біз күнде көретін элементтердің барлығы периодтық кестеде орналасқан және әрқайсысының өзіне тән қасиеттері бар. Осы элементтер комбинациялары біздің өміріміздің барлық саласында кездеседі.

Мен тағамның құрамын білуге қызығамын. Мысалы, ас тұзы – NaCl. Ол натрий мен хлор элементтерінен тұрады. Ал канттың формуласы –



C₁₂H₂₂O₁₁. Оның құрамында көміртек, сутек және оттегі бар екенін білдіреді. Ағзамымыздың дұрыс жұмыс істеуі үшін осы элементтерден құралған қоректік заттардың маңызы зор

екенін байқауға болады. Қарапайым тұрмыстың өзінде, ас үйде нан пісірген кезде де химияның куәсі боламын. Қамырдың пісу барысында «Майяр» реакциясы жүреді. Бұл реакция

ретінде Нұрсұлды әрбір жарысқа дайындаған еңбектің нәтижесінде талай бағындырған белестердің куәсі болып жүрмін.

Үлгілі оқушы бұған дейін аудандық олимпиадаларда жүлделі орындардан көрініп қана қоймай, облыстық сайыстарда ерекше көзге түсті. Одан соң республикалық «Бастау» турнирінде топ жарып I орын иегері атанды. Сондай-ақ «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында қатысушысы болып, жеңімпаз атанып үлгерген. Мұнан бөлек, республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде 3-4 сыныптар арасында жеңіске жетті. Халықаралық сайыстарда да үздіктер қатарынан көрініп, республикалық «Зерде» ғылыми жобалар конкурсында III орынды иеленді.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, Нұрасыл тек математикалық олимпиадалардан бөлек, республикалық «Мың бала» зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Мақатаев оқулары», «Абай оқулары» конкур-

сына қатысып, I орын иегері атанған. Оның үстіне республикалық «Көркем жазу» байқауында көзге түскенінің өзі оның өзгелерден дара екенін айқындап тұрғандай.

Қатарының алды болған оқушының анасы Айман Қалымбетова ұлы білім алатын мектепте информатика пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді. Ал асқар тау әжесі Мұрат Қала вахталық жұмыс істейді. Нұрасылдың талантты болып ер жетіп келе жатқаны баласының тәрбиесіне терең бойлап, тәртібіне ерекше ден қоятын ата-ананың арқасы.

Білім алушының талантын байқап, бағыттың айқындаған ұстаз еңбегін еселеп қайтарған Нұрасыл шәкіртімен мақтанамын. Бүгінгі математик Нұрасыл келешек ел тізгінін ұстайтын азамат. Ал оның талантын байқап, бағытын айқындаған Гүлнұр мұғалімнің де еңбегі ерекше.

Гүлнұр ЖАЛМАҒАМБЕТ, М.Матаев атындағы №170 орта мектептің бастаушы мұғалімі

Күнделікті қолданатын косметикалық өнімдеріміздің де химиялық құрамы бар екені белгілі. Сусабын, крем немесе парфюмнің құрамындағы әрбір компонент шашымыз бен терімізге әсер етеді. Кейде синтетикалық заттарға аллергия болатынын да ескеремін, сондықтан өнімнің құрамын мұқият оқуға тырысамын.

Үй тазалығында қолданатын жуу құралдарының құрамында да химия маңызды рөл атқарады. Бұл заттардың құрамындағы беттік-белсенді заттар мен ферменттер ластануды кетіруге көмектеседі. Дегенмен, оларды орнымен қолдану керектігін түсінемін. Себебі шамадан тыс пайдалану экологияға зиян тигізуі мүмкін.

Химия менің өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды. Мен қолданатын әрбір заттың құрамын біліп, оның қасиеттерін түсіну арқылы өзіме және қоршаған ортаға пайдалы шешімдер қабылдай аламын. Химия тек ғылыми пән емес, ол күнделікті өмірімде маған дұрыс таңдау жасауға көмектесетін құрал деп білемін.

Арайлым ҚАЛЫБАЙ, қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының химия пәні мұғалімі



ГҮЛ ТҮСТЕРІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Гүл – табиғаттың ерекше туындысы. Оның әсемдігі адам жанын баурап, ғажап күйге бөлейді. Бірақ олардың сұлулығынан бөлек түсінің де мағынасы, мәдениеттегі орны, тіпті ғажайып ерекшеліктері бар. Мәселен әр гүлдің түсі сөзсіз символикаға ие. Сөзімді сөзбен жеткізу мүмкін болмаған кезде гүлдің көмегіне жүгінуге болады.

Біршама адамның фаворитіне айналған қызыл раушан ғасырлар бойы ғашықтардың сүйікті символы болып келеді. Оның реңі жүректенгі от сезімін бейнелейді. Ал негізінен қызыл түс махаббат пен құштарлықтың белгісі екенін білеміз. Сары түсті гүл қуаныш пен достықтың бейнелейді. Бірақ бір қызығы өзге мәдениетте сары гүлдер ажырасу немесе қызғанышты білдіреді.

Ақ – тазалық белгісі. Ақ лалагүлдер көбіне тойларда, арнайы салтанатты іс-шараларда қолданылады. Олар бейбітшілік пен рухани тазалықтың символы болса, көк тыныштық пен шексіздікті бейнелейді. Сирек кездесетін көк гүлдер адам жанының тыныштығын сипаттайтындай.

Ерекше гүлдер тізіміне кара раушан, көгілдір орхидея, жасыл хризантема жатқызуға болады. Кара раушан табиғи құбылыс емес, бірақ ерекше селекция арқылы алынған гүл. Оның символикасы – құпиялық пен күш. Ал көгілдір орхидея сирек кездесетін, таңғажайып сұлулықтың көрінісі. Мұндай гүлдер көбіне шығармашылық адамдарға сыйланады. Ал жасыл хризантема табиғаттың ғажайыбы. Себебі жасыл түс жаңа өмір мен табиғаттың күшін бейнелейді.

Деректерге сүйенсек, орта ғасыр-

ларда күлгін түс тек патшалар мен жоғары дәрежелі адамдарға тиесілі болған. Бүгінде күлгін гүлдер шабыт пен ұлылықты білдіреді. Бұдан бөлек гүлдердің түсі әр мәдениетте түрлі мағына береді. Мысалы Жапонияда ақ түс қайғының символы болса, Батыста ол тазалықтың белгісі. Үндістанда сары түсті гүлдер киелі саналады және діни рәсімдерде қолданылады. Ал Латын Америкасында күлгін гүлдер еске алу күнінде жиі ұсынылады.

Флористердің айтуынша, гүл таңдау арқылы өзіңіздің ішкі дүниенің көрсетуге болады. Жалпы флористика нағыз өнер іспеттес. Себебі гүл шоқтарын жасауда түстердің үйлесімі басты рөл атқарады. Мысалы қызыл мен ақ – махаббат пен бейбітшіліктің тамаша балансы. Көк пен сары – қуаныш пен сенімділік үйлесімі. Ақ пен күлгін – салтанатты ерекше атмосфераға сай келеді.

Гүл – табиғаттың тілі арқылы сөйлейтін көркем әлем. Олардың әр түсі бір сөзімді, оқиғаны немесе бір тарихты жеткізеді. Егер біреуге гүл сыйлауды жоспарласаңыз, олардың түсіне мән беруді ұмытпаңыз. Өйткені гүл – сөзден артық нәрсені жеткізе алатын нәзік елші.

«АЖ» ақпарат



Үрей тудырған ҮЙ ИЕСІ

Үй иесі жайлы естуіңіз бар ма? Иә, ол туралы бағдарламалар, фильмдер түсіріліп, тіпті түрлі мистикалық әңгімелерге арқау болып жүр. Үй иесі – бұл славян халықтарының наным-сеніміндегі үйді қорғаушы, қамқоршы рух. Ол орыс, украин, белорус мәдениетінде кең тараған және ежелгі халықтық мифологияда маңызды орын алады.

Үй иесі үйдің қорғаушысы ретінде танылған, ол үй ішіндегі жайлы атмосфераны қамтамасыз етіп, тұрмыстағы түрлі жағдайларға көмектеседі деп сенген. Ол туралы түсінік қазақ мәдениетіндегі «үй иесі» немесе «отау иесі» ұғымына ұқсас келеді. Дегенмен діни тұрғыда зерттеп, тереңіне үңілер болсақ оларды жыңға тәнейді. Бәріне бірдей сыры ашылмаған тылсымның зұлым ниеті бар ма, әлде адамдарға адал тілеулес пе, ол жағы беймәлім.

«Астарлы ақиқат» бағдарламасының кезекті санындағы үй иесі жайлы оқиға елді елең еткізген еді. Светлана Берекеева есімді алматылық тұрғын үйінде жиі көретін «домовой» жайлы әңгімелеп, оның бет-бейнесін анық суреттеп берген. Айтуынша үй иесі түнгі екі мен үш аралығында келіп, атын атап шақыратын көрінеді. Бойы жарты метрге жетпейтін мақұлықтың үсті жүндес деседі. Танымал экстрасенстің кенесіне құлақ түрсең, үй иесін жандармен шатастырмау керектігін ескертеді. Ол барлық үйде бар, сондай-ақ онымен тікелей байланысқа түсу дұрыс емес. Үй иесінің іс-қимылын, жүріс-тұрысын байқасаңыз да назар аудармауға тырысу керектігін айтады. Ал егер оған мән берсеңіз, өзін тіпті жиірек көрсете бастайды екен. Басты кейіпкер аталған тылсымды өз үйінде ғана емес, өзге үйге қонаққа барғанда да көретінін жайып салды. Тіпті әр үй иесінің дене тұрқы мен түр-сипатының әртүрлі болып келетінін айтқан. Қызығы сол, бағдарламаның басты кейіпкері Светлана 15 жасында клиникалық өлімді бастан өткізіп, о дүниеге барып келген көрінеді.

Расмыен аңыз, әңгімелерде,

тіпті балалық шағымызда көрген мультфильмдерде де үй иесі әдетте кішкентай, сақалы бар қарт адам кейпінде бейнеленеді. Оны славян халқы көбінесе үйдің бір бұрышында, әсіресе пештің жанында немесе үйдің астында мекендейді деп сенген. Оның сырт келбеті, мінез-құлқы үй егелерінің өздеріне де байланысты деп саналған. Егер үйдегі адамдар мейірімді әрі қамқор болса, үй иесі де сондай жақсы мінез көрсетеді. Ал егер үйде ұрыс-керіс, жаман мінезді жандар көп болса, ол да ашулы, тіпті зиян келтіруге дайын болуы мүмкін. Жоғарыда жалғыз ғана оқиғаны тілге тиек еттік. Алайда айналымда орын алып жатқан жағдайлар аз емесін айтқымыз келеді.

Үй иесінің негізгі міндеті – үйді және ондағы адамдарды қорғау, үй ішіндегі жайлылықты сақтау. Мысалы үй иесі үйді ұрылдардан, жаман ниетті адамдардан және зұлым күштерден қорғайды деп сенген. Ол үйге қауіп төніп тұрса, түнімен дыбыстар шығарып, иелерін оятады немесе белгі береді. Кейбір жұмыс барысында адамдарға көмектеседі деп те есептеген. Кейде ол түнде ұсақ-түйек үй шаруаларын реттейді, заттарды жинастырады деген сенім бар. Сондай-ақ үй ішінде бір қауіп немесе бақытсыздық күтіп тұрса, ол әртүрлі дыбыстармен немесе түсініксіз әрекеттермен адамдарға ескертуі мүмкін. Мысалы, түнде ұйықтап жатқан адамдарды ояту немесе әртүрлі дыбыстар шығару арқылы бір жағдай болатынын білдіреді.

Үй иесін құрметтеу және оны ренжітпеу – маңызды дәстүрлердің бірі. Славян мәдениетінде адамдар үй иесіне арнайы «қонақасын» арнап, оған тамақ қалдырып отырған. Бұл тамақ – сый-

сыпат ретінде домовойдың көңілін аулап, үйге тыныштық пен жақсылық тілеуін ниет етеді. Үй иесінің көңілін табу үшін үйде тазалық сақтау, заттарды орынды жерде ұстау, үй ішіндегі ұрыс-керісті азайту керек деп саналған. Егер ол риза болса, үйде әрдайым береке болады деп сенген. Үй иесі жайлы көптеген аңыз бен әңгіме бар. Олар халық арасында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Мысалы бір аңызда үй иесі адамдарға ұры қіретінін ескертіп, белгі береді. Олар бұл аңыз арқылы үй иесін қорғаушы әрі қамқоршы ретінде сипаттайды.

Белгілі исламтанушы Арман Қуанышбаев «Үйдің егесі, жер егесі, базар егесі деген нәрсе бар, осы еге деген нәрсе олар жандар. Сол жерді егеленіп алғандар. Адамдар тастап кеткен үйді жын билеп кетеді, сосын сол жерді иелеп алған соң басынып, кейбір адамдардың қорқақтығын пайдала отырып сол жерге келген адамдардың әр жерінен тұртікілеп ұйқысынан оятып немесе түсіне кіріп, күндіз тарсылдатып, дүрсілдетіп ұрады екен. Олар – жын. Ал кейбір адамдар төбеде тарелқа ұшып жүреді дейді. Негізі бұлар байқасаныздар намазхан адамдарға, ойы, сауаты пәк жандарға келген емес. Намаз оқитын тауқа адамдарға көрінбейді» дейді.

Бүгінгі таңда үй иесі туралы түсінік көбінесе мифология немесе фольклор ретінде қарастырылады. Алайда кейбір адамдар әлі күнге дейін бұл дәстүрлерді сақтап, оған сенетін көрінеді. Оны үйдің рухани қорғаушысы деп қабылдап, оған құрмет көрсетеді. Үй иесіне арнап шағын рәсімдер жасайтын елдер әлі де кездеседі.

Аружан ОРАЛБАЙ

«ЖҰЛДЫЗ» БОЛҒАН ЖҮЗІМ

Әлеуметтік желіде трендке айналған дүние көп. Өткен жылдары шоколадтағы құлпынай танымал болды десек, биыл Дубай шоколады көш басында. Ал жақында «Shine muscat» жүзімі халық арасында кеңінен тарай бастады. Елді елең еткізген жеміс жайында бүгінгі мақаламызда тарқатамыз.

«Shine muscat» немесе «кәріс жүзім» аталған бұл өнім елімізде аз уақыт ішінде танылды. «Julietasmg» есімді Tiktok желісін қолданушы жүктенген бейнеролик көп қаралым жинады. Онда блогер қыз кәріс жүзімнің қытырлата жеп, жүзімнің үлкендігін айтты. Бейне 47 мың репост пен екі мыңнан астам пікір жинады. Желіде жүзімді сатып алып, пікірмен бөлісуші көп. Жалпы алғанда жүзімнің 8 мыңнан астам түрі бар. Ал тақырыбымызға мұрындақ болған «Shine muscat» жүзімі құрамында сүйектің болмауымен, сондай-ақ көлемінің үлкендігімен ерекшеленді. Көптеген блогер жемістің дәмін татқан қысқа бейнероликтерді түрлі платформаларға жүктеп, ол көп қаралым жинады. Бірі «сөзсіз дәмді» десе, енді бірі қарапайым жүзімнен айырмашылығы жоқ екенін жеткізді.


Иә, 1 келі қарапайым жүзімнің құны әрі кетсе 500-600 теңгеден аспайды. Алайда аталған кәріс жүзімінің 1 келісі

4-5 мыңнан бастау алады деседі. Баға әр жерде әртүрлі, бірақ жоғары. Күні кеше дубайлық шоколадтың бір данасын 15 мыңдап сатып алып жатқан ел тұрғындары бұл тұрғыда қаржылық сауаттылықты ысырып тастаған секілді. Себебі бағасына қарамастан қымбат өнімді «елден қалмайық» деген пікірмен жаппай сатып алуда. Осы тұрғыда Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев былай деп пікір білдірді.

– Көрсеқызар халықпыз... Немесе маркетинг құрбанымыз! «Дубай шоколады» деген шығып еді, енді кезек «кәріс жүзімінде». Instagram-ға кіріп қалсаң болды, қытырлатып жеп отырғандар қатары көбейді. Соны жалпақ жұртқа жарияламай-ақ жеуге болады ғой... Кішкентай «Дубай шоколадның» бағасы 15-20 мың теңге болып еді, енді мына жүзімнің кішкене бір бөлігі 5-10 мың теңге деседі. Халық «ақша жоқ-жоқ» дейді де, бұл өнімді де бағасына қарамай талап алып жатыр. Оның құрамында не

бар, несі пайдалы, қандай зияны бар, ол жағына басымызды ауыртқымыз да келмейді. Бастысы жұрттан қалмау керек. Алла біледі, мұны да 12/24 айға бөліп төлейтіндер шықса таң қалмаймын. Ақшаның артылып жатса, ала беріңіз, қарсылығым жоқ. Бірақ елден, трендтен қалмайын деген ой – әбестік. Оданда мына қоңыр салқын күзде ет жеп, сорпа ішіңіздер. Міне, нағыз пайдалы тағам, – дейді ол.

Әрине, таңдау өзіңізде, алайда сақ болған жөн. Себебі жүзімнің құрамына да қатысты нақты ақпарат жоқ. Бірі бұл жүзімдердің бұдандастырылған түрі десе, енді бірі химиялық қоспалар арқылы өсіп шыққан жеміс дейді. Тайландтық тұтынушылар кеңесі бұл жүзімді зиян деп мәлімдеді. Себебі кәріс жүзімінің 22 сынағасын 14 түрлі химиялық залалды қоспаны анықтап, онымен қатар



өнімнен 50 пестицид қалдықтары табылған. Адам ағзасына атап өткен химикаттар мен бактериялар түсетін болса, денсаулыққа нұқсан келуі мүмкін. Тіпті кейбір әлеуметтік желі қолданушылары аталған өнімді тұтынғаннан кейін аллергиялық реакция бергенін жеткізді. Кәріс жүзімі дегенімізбен, негізі Жапония елінде пайда болған. Бірақ экспортқа енгізілген кәріс халқы болғандықтан, көпшілікке «кәріс жүзімі»

деген атаумен танылып кетті. Ал танымал еткен Қытай халқы. Әлемде енді танымал болса да, деректерде бұл жүзім 1988 жылы Жапонияда Ұлттық жеміс ағаштары ғылыми институты (NIFTS) өткізген процесс нәтижесінде, яғни басқа сорттармен қосу арқылы алынған деп көрсетіледі. Ал 2006 жылы Жапонияның өсімдік сорттары мен тұқымдары туралы Занына сәйкес ресми түрде тіркелген.

Қорлан САРЫ